№16 (301).
5 маусым,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы





“ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК АРАСЫНДА ӨЗАРА СЕНІМ ЖӘНЕ КЕЛІСІМ БОЛУЫ КЕРЕК”

Еліміз тұрақты дамуы үшін халық пен билік арасында өзара сенім және келісім болуы керек. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордада «Әкімшілік әділет және оның құқық үстемдігін қамтамасыз етудегі рөлі» атты халықаралық форумда айтты.

– Мемлекет пен қоғам тұтастығын нығайту – Қазақстан үшін алдыңғы қатардағы міндеттің бірі. Еліміз тұрақты дамуы үшін халық пен билік арасында өзара сенім және келісім болуы керек. Бұл – мызғымас қағи-да. Бірақ мұндай келісім өздігінен пайда болмайтыны анық. Қоғамдық келісім, бұл – көпқырлы табанды жұмыстың нәтижесі. Сондықтан мен Президент ретінде осы өте өзекті мәселеге баса мән беремін.

Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыра бастадық. Ашық диалог жүргізу, азаматтардың мұң-мұқтажын ескеріп, арыз-шағымына дер кезінде жауап беру елдегі түбегейлі өзгерістердің өзегі саналады. Осы маңызды жұмысқа биліктің әр деңгейдегі өкілдері, соның ішінде министрлер, әкімдер, депутаттар белсенді түрде қатысуы керек. Бұл – мемлекеттік қызметшілердің конституциялық міндеті.

Кейбір азаматтар соттардың шешіміне наразылықтарын білдіріп, өз үміттері ақталмағандарын алға тартады. Бұл бұған дейін де болған, қазір де кездеседі. Мұндай шағымдардың көбі өкпе-ренішке немесе біржақты пікірге құрылады. Бірақ қандай жағдай болса да мұндай пікірлерді тексеріп, әділ шешім қабылдау керек.

Сондықтан жаңа Конституцияда әкімшілік сот төрелігін сот ісін жүргізудің дербес нысаны ретінде бекітудің маңызы зор. Күн тәртібінде сотқа шағымданудың қасаң моделін сот ісін жүргізу тәуекелдерін стратегиялық басқаруға ауыстыру қарастырылып отыр. Үкімет қазірдің өзінде тиісті ережелерді әзірледі.

Біз Заң мен тәртіпке бағынатын, баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру үшін ауқымды жұмыс атқарып жатырмыз. Сондықтан сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беріп отырмыз.

Бірінші шілдеде еліміздің жаңа Конституциясы күшіне енеді. Осылайша, Қазақстан өз дамуының шешуші кезеңіне қадам басады. Мен бүгін бес конституциялық заңға қол қойдым. Бұл – жаңа Конституцияға сәйкес мемлекеттік басқару жүйесі «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде түбегейлі жаңғырады деген сөз. Осы құқықтық реформалар елімізде жасалып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге де тың серпін бермек, - деді Президент.

САПАРБАЕВ САБАҚТАРЫ

(Тек, таным, тағылым)

Мейірбан, дос-туысқа кең жүрегі,
Еңбегін ұшан теңіз ел біледі.
Өшпестей өнегелі із қалдырды,
Қазақтың қайсар мінез Бердібегі!
(Мирас Асан)



Әлеуетті әкім

Бір кезде білікті басшы Бердібек Сапарбаевтың қарамағында қызмет істейміз деп ойламаппыз. Шынында да, бұйырайын десе, реті келе қалатын көрінеді ғой. Ауылдан аттанып, ару Алматыда оқыдық. Оқу бітірген соң жастар басылымында он жылға жуық тер төгіп, оқу орнына ауыстық. Бір күні өзіміз туып-өскен Сыр өңіріндегі университеттің проректоры қызметіне шақырылдық. Бұдан бір жылдай бұрын Бердібек Сапарбаев Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалған-ды...

Бердібек ағаны бұрын білім саласының қарымды қайраткері ретінде білетін едік. Үкімет аппаратында қызмет атқарғанынан да хабарымыз бар-ды. Бірақ жақын араласа қойғанымыз жоқ. Ал Қызылордаға келген соң түрлі жиындарда жиі көріп тұрдық. Оның біздің университетімізге деген ықылас-пейілі бөлек еді. Сыр бойында қызмет істеген жылдарында ол білім саласына барынша көңіл бөлді. Әкімдік мұрындық болған кейбір іс-шараларды көбіне осы оқу орнында өткізетін.

Сонымен Сыр бойында жұмыс істеп жүрген кезіміз. Университеттің жап-жас проректорымыз. Алматыдан бірге келген тағы бір проректор Амантай Шәріп менен де жас. Екі шикіөкпеге қолақпандай қызметті сеніп тапсырған ректорымыз Бақберген Досманбетов не деген кең адам десеңізші?! Қызылорда облысының жігерлі әкімі Бердібек Сапарбаев келген бетте-ақ университет басшысына үнемі қолдау көрсетіп, оны барлық шарадан қалдырмайтын еді. Жаңаша ойлауға бейім бұл кісілердің ойпікірі өте үйлесетін. Ілгеріде елдің білім саласы басшыларының бірі болған Бердібек Мәшбекұлы Бақберген ағамызды көптен білетінге ұқсайды. Әйтеуір Бердібек аға біздің ректорымызды қызғыштай қоритын да жүретін.

6-бетте »

ТӘЖІРИБЕ МЕН СЕНІМ ТОҒЫСҚАН ТАҢДАУ



Елімізге Әбілғазы Қалиақпарұлы Құсайыновтың есімі де, ерен еңбегі де кеңінен белгілі. Еңбек жолын қарапайым шахтер болып бастаған ол кәсіби біліктілігі, ұйымдастырушылық қабілеті мен азаматтық ұстанымының арқасында мемлекет басқару ісінде үлкен биіктерге көтерілді.

Әбілғазы Қалиақпарұлы әр жылдары Қарағанды облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Сенат Төрағасының орынбасары, сондай-ақ Қазақстан Кәсіподақтар федерациясының төрағасы секілді жауапты қызметтерді абыроймен атқарды. Қай қызметте болсын ел мүддесін бәрінен жоғары қойып, халықтың сенімі мен құрметіне ие болған мемлекет және қоғам қайраткері ретінде танылды.

Жуырда Астана қаласында өткен «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің кезекті XI съезінде Әбілғазы Қалиақпарұлының Республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық ұйымының төрағасы болып сайлануы – оның мол өмірлік тәжірибесі мен қоғамдық беделіне көрсетілген зор сенімнің айқын көрінісі.

Құрметті Әбілғазы Қалиақпарұлы!

Сізді Республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық ұйымының төрағасы болып сайлануыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге жүктелген жауапты қызметте толағай табыс, қажымас қайрат, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр және сарқылмас күш-қуат тілейміз. Ардагерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың қоғамдағы беделі мен белсенділігін арттыру жолындағы бастамаларыңыз табысты жүзеге асып, ұйым жұмысы жаңа серпінге ие болсын.

Ел бірлігі мен ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға бағытталған игі істеріңіз жемісті болып, халықтың ықыласы мен құрметіне бөлене беріңіз. Отбасыңызға амандық, бақ-береке, мерейлі белестер мен толайым табыстар тілейміз!

Ізгі ниетпен,
Республикалық «Әділет. Рухани жаңғыру» газетінің ұжымы

ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ ҚАРҚЫН

Абай облысында құрылыс нысандарының жай-күйі талқыланды



Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен жиында өңірдегі құрылыс нысандарының жай-күйі қаралды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы Сайлауғалы Байназаров баяндады.

ҚР Ұлттық экономика министрінің №86 бұйрығына сәйкес 12-23 мамыр аралығында облыстағы бюджеттік құрылыс нысандарына мониторинг жүргізілді. Нәтижесінде 7 аудан мен Семей қаласындағы 100-ден астам нысан қамтылып, құрылыс жұмыстарының ұйымдастырылуы, жобалық құжаттамалардың жүргізілуі және техникалық қадағалау мәселелері зерделенді.

Қазіргі таңда облыста бірқатар әлеуметтік нысанның құрылысы жалғасуда. Оның ішінде білім, денсаулық сақтау, спорт, мәдениет және әлеуметтік қамсыздандыру салаларындағы маңызды жобалар бар. Атап айтқанда, Абай ауданы Қарашоқы шатқалындағы балалар лагері, Семей қаласындағы №4 және №30 мектептерге жапсаржай құрылысы, Үржар ауданындағы коронарлық араласу орталығы, Аягөз ауданындық ауруханасы жанындағы МРТ ғимараты, Курчатов қаласындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Бесқарағай ауданындағы жүзу бассейні, сондай-ақ бірқатар мәдениет үйлері мен әлеуметтік нысандардың құрылысы жүргізілуде.

8-бетте »

Қиын кезде ел басқарып, жоқтан бар жасаған

МАЙМАҚ БАСТЫҚ

Бір ай бұрын ақын Айболат інім хабарласып, «Маймақовтар әулетінің атынан маусым айында ауылда атам Сәрсенбай Райымұлына Ас береміз, соған шақырамын» деп, асқа шақыру қағазын жіберді. «Сізден бір өтініш, атам туралы газетке мақала шығаруыңызды сұранамын» деді. Шақыруға қарасам, «Райымұлы Сәрсенбай (лақап аты Маймақ)» деп жазылыпты.

Осы орайда ертеректе әке-шешемнің бастық Маймақ туралы айтқандары және ауылдың клубына кіреберістегі кең фойенің төрінде ілулі тұратын Маймақ атам мен бірнеше адамның тау баурайында киіз үй алдында қымыз ішіп отырған керемет картинасы көз алдыма келе қалды. «Бұл тамаша туындыны 1950 жылдары талантты қылқалам шебері Тоқболат Тоғысбаев салған екен» дейді кейбір білетіндер.

Оқушы кезімде ата-анам мен ауылдың адамдары еңбекқор, адал әрі әділ бастық болған Маймақ туралы және оның елге сіңірген еңбегі мен атқарған жұмысы жөнінде көп айтатын. Ол кезде оған онша мән бермеген едім. Ата-апаларымның сол айтқандарын енді еске түсіріп отырмын.

1930-50 жылдары Маймақ атам басқарған Молотов, қазіргі Қаратөбе ауылының адамдары Сәрсенбай атамызды (бастық Маймақ) деп атап кеткені туралы мен 1970 жылдары естігенмін. Үлкен кісілер және көршім Мырзақұл ағайдың: «Маймақ алпыстан асқан, ұзын бойлы, ашаңдау адам болатын. Қажет кезінде қатал, мейірімі түссе көңілі көлдей еді» дегендері есімде қалыпты.



5-бетте »

«БІЗ ҮШІН БАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ БАЙЛАНЫС МАҢЫЗДЫ: ЭКОНОМИКА, САУДА, ТУРИЗМ»

Өңіраралық қатынастарды нығайту жөніндегі Президент тапсырмасы аясында Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Өзбекстан Республикасы, Ташкент облысының әкімі Зойир Мирзаевпен бауырластық туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжат – өңіраралық қатынастарды дамытуда, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуде, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайтуда және бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруда маңызды қадам. Түркістан және Ташкент облыстары – өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, туризм және логистика салаларында жоғары әлеуетке ие стратегиялық маңызды өңірлер. Тараптар бизнеске қолайлы жағдай жасауға, кәсіпкерлікті қолдауға және екі өңір кәсіпорындары арасындағы кооперацияны кеңейтуге ерекше назар аударды.

Келісімдерді жүзеге асыру шекаралас аумақтардың экономикалық дамуына тың серпін беріп, жаңа жұмыс орындарын ашуға, өзара инвестиция көлемін ұлғайтуға және бауырлас екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді деп күтілуде.

– Форумның маңызы зор. Президентіміздің тапсырмасына сәйкес өңірлер арасындағы ынтымақтастық пен өзара байланыс жылдан жылға нығайып келеді. Бүгінгі форум аясында мемлекет тарапынан бес меморандумға қол қойылды. Сонымен қатар бизнес өкілдері арасында алты меморандум жасалды. Бұл келісімдер алдағы уақытта өз нәтижесін беріп, өзара тиімді серіктестікті дамытуға үлкен серпін береді. «Біз бауырлас елміз, бірге дамуымыз керек», – деген Президент екі халық арасындағы достық пен ынтымақтастықтың маңызын ерекше атап өтті. Қазақ пен өзбек – тарихы, тілі, мәдениеті мен дәстүрі жақын халықтар. Сондықтан біз үшін барлық саладағы байланыс маңызды: экономика, сауда, білім, мәдениет, туризм және жастар ынтымақтастығы, – деді Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров.

Түркістан және Ташкент облыстарының 200-ге жуық кәсіпкер қатысқан «Шекарасыз ынтымақтастық» бизнес-форумында сондай-ақ Түркістан облысының Жетісай, Қазығұрт, Сауран және Сарыағаш аудандарының әкімдері Ташкент облысының аудандарымен бауырластық туралы меморандумдарға қол қойды.

Сонымен қатар Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Ташкент облысының кәсіпкерлерімен G2B кездесуін өткізіп, кәсіпкерлермен жүздесті. Инвесторлармен арнайы кездесу өткізіп, жаңа инвестициялық бастамаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастырды. Бизнес өкілдері ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп салаларына қызығушылық танытып, өзара тиімді жобаларды талқылады.

Нәтижесінде жалпы құны 19,3 млн АҚШ доллар болатын меморандумдарға қол қойылды. Атап айтқанда, «Қазкрахмал» ЖШС Өзбекстанның «Right to Win» компаниясымен 5 млн доллар көлеміндегі меморандумға қол қойды. Осы келісім аясында «Қазкрахмал» ЖШС жүгеріні терең өңдеу арқылы алынатын крахмал және сірне өнімдерін Өзбекстанға жеткізуге уағдаласты.

Ал «СПК Хамит» ЖШС Өзбекстанның «Bekbrend» компаниясымен 250 мың доллар көлеміндегі меморандумға қол қойды. Келісім бойынша «СПК Хамит» компаниясы Өзбекстаннан жыл сайын тауарлы балық пен балық шабақтарын алатын болды.

Сонымен қатар «Мясные продукция Туркестан» ЖШС Өзбекстанның «Xolima Shuhratu» компаниясымен 1 млн доллар көлеміндегі меморандумға қол қойды. Тараптар Сауран ауданында сервистік мал сою бекеті мен ет өнімдерін қайта өңдейтін цехқа қажетті құрал-жабдықтарды алу жөнінде келісімге келді.

Қазығұрт ауданы әкімдігі «Imperial Nova Chemical» компаниясымен өңірде 5 млн долларлық жобаны іске асыру туралы меморандумға қол қойды. Компания Қазығұрт ауданында минералды тыңайтқыштар шығаратын зауыт салуға ниетті.

Сондай-ақ «Imputus Nova Chemicals» компаниясы «СП ООО Zhongtian Chemical» компаниясымен өңірде 8 млн долларлық жобаны іске асыру жөніндегі меморандумға қол қойды. Жоба аясында Қазығұрт ауданында қазба байлықтарды өңдеуге арналған химиялық өнімдер шығаратын зауыт салу жоспарланып отыр.

«Шекарасыз ынтымақтастық» бизнес-форумы Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтуға, өңіраралық экономикалық байланысты кеңейтуге және ортақ инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға бағытталған маңызды алаңға айналды.

Халқының саны 3 миллионнан асатын Ташкент облысы – Өзбекстан Республикасының экономикалық тұрғыдан дамыған өңірлерінің бірі. Облыс елдің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Аймақ өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс және логистика салалары бойынша республикада жетекші орын алады. Өңірде металлургия, химия өнеркәсібі, құрылыс материалдарын өндіру, азық-түлік өндірісі және машина жасау салалары қарқынды дамып келеді.

ОБЛЫС ӘКІМІ ӨНЕРКӘСІПТІК ЖӘНЕ ТУРИСТІК ЖОБАЛАРМЕН ТАНЫСТЫ

Өзбекстан Республикасына жасаған жұмыс сапары аясында Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Ташкент облысының хокимі Зойир Мирзаевпен бірге өңірдегі стратегиялық маңызы бар бірқатар нысандарды аралап, өнеркәсіп, жоғары технологиялар, шикізатты өңдеу және туристік инфрақұрылымды дамыту салаларындағы озық тәжірибелермен танысты.

Делегация танысқан табиғат аясында орналасқан туристік кешенде өңірдің табиғи әлеуетін тиімді пайдалану және заманауи туристік инфрақұрылымды дамыту жолға қойылған.

Бұдан кейін делегация Алмалық қаласындағы Мыс байыту фабрикасында болды. Кәсіпорын басшылығы минералдық ресурстарды өңдеу тиімділігін арттыруға және елдің экспорттық әлеуетін кеңейтуге бағытталған өндірісті жаңғыртудың ауқымды бағдарламасын таныстырды.

Ахангарон ауданында облыс әкімі заманауи климаттық техника өндіруге маманданған Premier Electrotech бірлескен кәсіпорнында болды. Қонақтарға зауыттың өндірістік қуаты, технологиялық үдерістері және халықаралық талаптарға сай енгізілген сапа стандарттары таныстырылды.

Сапар барысында электротехника өнеркәсібі саласындағы ірі өндірістік кластерлердің бірі саналатын Eltech Industrial технопаркінің қызметіне ерекше назар аударылды. Технопарк индустрияландыру саясатын жүзеге асыруда, өндірісті жергіліктендіруде және мыс пен сирек жер металдарын терең өңдеуде маңызды рөл атқарып, жоғары қосылған құны бар өнім өндіруге ықпал етуде.

Технопарк аумағында делегация жартылай өткізгіш технологиялар саласындағы жобаның жұмысымен танысты. Кәсіпорын SIM-карталарға, банк карталарына, электрондық жеке куәліктерге, әлеуметтік және көлік карталарына арналған микропроцессорлық чиптер мен модульдер өндіруге маманданған.

Сапар қорытындысы бойынша Түркістан облысының әкімі Өзбекстандағы өнеркәсіптік инфрақұрылымның жоғары деңгейде дамығанын, ірі инвестициялық жобалардың жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқанын және өндірістік үдерістерге заманауи технологиялардың тиімді енгізіліп отырғанын атап өтті.

Кездесулер барысында тараптар өңіраралық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту, сауда-экономикалық байланыстарды дамыту, бірлескен инвестициялық бастамаларды жүзеге асыру және өнеркәсіп, туризм мен инновациялық даму салаларындағы үздік тәжірибелермен алмасу мәселелерін талқылады.

Жұмыс сапары өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға және бауырлас екі мемлекеттің экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған өңірлер арасындағы стратегиялық әріптестікті нығайтудың кезекті қадамы болды.



ЕКІ ӨҢІРДЕН 200-ГЕ ЖУЫҚ КӘСІПКЕР МЕН ИНВЕСТОР БАС ҚОСТЫ

Өзбекстан Республикасының Ташкент облысында Түркістан және Ташкент облыстары кәсіпкерлерінің қатысуымен «Шекарасыз ынтымақтастық» тақырыбындағы халықаралық бизнес-форум өз жұмысын бастады. Ауқымды іс-шараға Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров бастаған ресми және бизнес-делегация қатысып, өңіраралық сауда-экономикалық, инвестициялық және туристік ынтымақтастықты нығайту мәселелері жан-жақты талқыланды. Маңызды іскерлік диалог алаңында екі өңірден 200-ге жуық кәсіпкер мен инвестор бас қосты.

Форум барысында Ташкент облысының хокимі Зойир Мирзаев пен Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров құттықтау сөз сөйлеп, көршілес екі өңір арасындағы достық қарым-қатынастың жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар шара аясында екі облыстың инвестициялық әлеуеті таныстырылды.

Ташкент облысының хокимі өз сөзінде Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы тарихи достық пен стратегиялық әріптестіктің нақты нәтижелер беріп отырғанын атап өтті.

– Қазақстан мен Өзбекстан президенттері екі бауырлас халықтың ынтымақтастығын нығайтуға зор үлес қосып келеді. Халықтарымыздың ортақ тарихы мен рухани байланыстарына негізделген қарым-қатынастар бүгінде берік әрі үйлесімді сипатқа ие. Біз ежелден өзара сыйластығы жарасқан бауырлас халықпыз. Бүгінгі кездесу өңірлеріміз үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Біз бірлескен жобаларды жүзеге асыруға және экономикалық өсімнің жаңа бағыттарын дамытуға дайынбыз, – деді Ташкент облысының хокимі Зойир Мирзаев.

Өз кезегінде Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров форумның өңіраралық ынтымақтастықты дамытудағы маңыздылығына тоқталды.

– Бүгінгі форум – достықты, тату көршілік қарым-қатынасты және өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты нығайтудың маңызды алаңы. Қазақстан мен Өзбекстанды ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи, мәдени және рухани байланыстар біріктіреді. Мемлекет басшылары Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёевтің саяси ерік-жігерінің арқасында екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік жаңа сапалы деңгейге көтерілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, Қазақстан мен Өзбекстан – тұрақты даму жолында бірге келе жатқан сенімді одақтастар. Бұл үдерісте шекаралас өңірлерге ерекше рөл жүктеледі.

Түркістан облысы өзара тиімді ынтымақтастыққа ашық және инвесторларға ұзақ мерзімді жобаларды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай ұсынуға дайын.

Қадірлі достар, бүгінгі форум – тек пікір алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар бизнес қауымдастықтар арасында тікелей байланыс орнатуға, жаңа серіктестер табуға және перспективалы бастамаларды іске қосуға мүмкіндік беретін нақты алаң.

Менімен бірге Түркістан облысының кәсіпкерлерінен құралған өкілді бизнес-делегация келді. Олар сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтуге, тікелей іскерлік байланыстар орнатуға және Ташкент облысындағы серіктестермен бірлескен инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға мүдделі.







Форум қорытындылары екіжақты ынтымақтастықты дамытуға жаңа серпін беріп, іскерлік байланыстарды нығайтып, кәсіпкерлеріміз үшін жаңа мүмкіндіктер ашады деп сенемін.

Барлық қатысушыларға жемісті жұмыс, табысты келіссөздер, жаңа жобалар және өзара тиімді серіктестік тілеймін, – деді Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров.

Түркістан облысы ауыл шаруашылығы, тоқыма өнеркәсібі, тамақ өндірісі, туризм, логистика және шағын бизнес салаларында қарқынды дамып келеді. Бүгінде өңірде жалпы инвестиция көлемі 6 миллиард АҚШ долларын құрайтын 122 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда.

Қазіргі таңда Түркістан облысында өзбек капиталының қатысуымен бірқатар жобалар табысты іске асырылып жатыр. Олардың қатарында 10 мың басқа арналған ет комбинаты мен бордақылау алаңы, тамшылатып суару жүйелерін өндіретін зауыт және күнбағыс майын шығаратын кәсіпорын бар.

Облыс әкімі Түркістан өңірінде инвесторларға қолайлы жағдай жасалғанын атап өтті. Қазіргі таңда жалпы аумағы 1 960 гектарды құрайтын 21 индустриялық аймақ пен көлемі 1 400 гектар болатын арнайы экономикалық аймақ жұмыс істейді. Аталған аймақтар инженерлік инфрақұрылыммен қамтылып, салықтық және кедендік жеңілдіктер қарастырылған. Сонымен қатар, инвесторларға дайын өндірістік ғимараттарды жалға алу немесе жеңілдетілген шарттармен сатып алу мүмкіндігі ұсынылады.

Форум барысында Қазақстан мен Өзбекстан мемлекеттері басшыларының қолдауымен жүзеге асырылып жатқан «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы жобасының маңыздылығы да атап өтілді. Бұл жоба Түркістан мен Ташкент облыстары арасындағы экономикалық байланысты нығайтатын стратегиялық алаң ретінде бағаланды.

Іс-шарада Түркістан облысындағы индустриялық аймақтар мен өндірістік парктердің мүмкіндіктері таныстырылып, Өзбекстандағы «Ангрен» арнайы экономикалық аймағының әлеуеті туралы мәлімет берілді. Түркістан облысы кәсіпкерлік және сауда басқармасының басшысы Н.Мырзахметов өндірістік парктердің артықшылықтарына тоқталды.

Форумда туризм саласындағы әріптестікті дамыту мәселелері де кеңінен қаралды. Ташкент және Түркістан облыстары арасындағы туристік байланыстарды дамыту жөнінде Д.Бабаджанов баяндама жасап, екі өңірдің туристік бағыттарын бірлесіп дамыту бойынша ұсыныстарын ортаға салды.

Ал «Open Turkistan» туристік ақпараттық орталығының бас директоры А. Абубакиров Түркістан облысының туристік әлеуетін таныстырып, тарихи-мәдени мұралар мен жаңа туристік жобалар туралы баяндады.

Форум қорытындысы бойынша тараптар өңіраралық ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге, іскерлік байланыстарды нығайтуға және бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруға уағдаласты.

ӨҢІРДЕ ӨНДІРІСТІК ЖЫЛЫЖАЙЛАР САНЫ АРТУДА

«AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасын Түркістан облысында іске асыру жөніндегі Жол картасында ауыл шаруашылығын дамыту арқылы азаматтардың табысын арттыру міндеттері белгіленген. Соның ішінде өңір аумағындағы жылыжай кешендерінің көлемін 1700 гектарға дейін ұлғайту индикаторлық көрсеткішіне қол жеткізу межеленген.

Облыста қалыптасқан қолайлы климаттық ахуал және ауыл шаруашылығы саласындағы жинақталған мол тәжірибе өңірде жылыжай өндірісін кең көлемде дамытуға мүмкіндік берді. Өткен жылдың қорытындысымен облыстағы барлық жылыжайлардың көлемі 1715 гектарға жетіп, Түркістан облысы Қазақстандағы жылыжай шаруашылығын дамыту бойынша көш бастап тұрған өңірге айналды. Еліміздегі барлық жылыжайлардың 76 пайызы біздің өңірде орналасып, осы шаруашылықтарда 2025 жылы 150 мың тоннадан астам көкөніс, 550 тонна банан, 3,2 мың тонна лимон және 13 мың тонна құлпынай өндірілді. Жылыжай шаруашылықтарын құру бағытындағы жұмыстар мұнымен шектелмейді. Өңірде жаңа жобалар кезең-кезеңімен іске асып, заманауи жылыжай кешендерінің саны артып келеді.

Осы бағыттағы маңызды жобалардың бірі Келес ауданы, Ақтөбе ауылдық округінде іске асырылуда. Мұнда «Ecoculture-Eurasia» ЖШС-гі 51 гектар аумақта агроөндірістік жылыжай кешенін салды. Облыс басшылығының қолдауымен жүзеге асып жатқан бұл жоба, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға, ауыл шаруашылығын индустрияландыруға және экспорттық әлеуетін арттыруға қызмет ететін болады. Алғашқы кезеңнің өзінде 51 гектар аумақтан 27 мың тонна қызанақ өнімі алынды. Жоба толық жүзеге асқан жағдайда, жылыжай алқабы 500 гектарға дейін ұлғайтылмақ. Кешен 2030 жылы толық қуатына шығып, жылына 240 мың тоннаға дейін өнім өндіру мүмкіндігіне ие болады. Жиналған өнім ішкі нарықты толық қамтамасыз етумен қатар, экспорттық әлеуетімізді де арттырмақ.

Инвестициялық жобаның құны 42 млрд. теңгені құрайды. Қаржыландыруды Қазақстанның Даму банкі қамтамасыз етуде. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр, қажетті инфрақұрылым толық тартылған. Кешен электр энергиясы, газ және сумен қамтамасыз етілген. Жылыжайға Нидерланд жабдықтары орнатылған. Өндіріс процесі толық автоматтандырылған: температураны реттеу, суару, жарықтандыру және өсімдіктерді қоректендіру цифрлық басқару жүйелері арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар тамшылатып суару технологиясы енгізіліп, су ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Жоба аясында 1 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары ашылады деп жоспарланған. Кешен толық қуатына шыққанда тұрақты жұмыспен қамтылғандар саны арта түседі. Сондай-ақ жергілікті тұрғындарды оқыту және олардың біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінуде.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ – ЕЛІМІЗДЕГІ КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕР ЕҢ КӨП ШОҒЫРЛАНҒАН ӨҢІРДІҢ БІРІ

Түркістан облысы Кентау қаласында Түркістан облысы кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің Кентау қаласы мен Сауран ауданы кәсіпкерлерін жеке қабылдауы өтті.



Басқосуға облыс әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек, Түркістан облысы кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің төрағасы Нұралы Әбішов, Өңірлік кеңес мүшелері, Кәсіпкерлер палатасының директоры Асылан Ибадуллаев, сондай-ақ облыстық басқармалар мен жауапты мемлекеттік органдардың басшылары қатысты.

Жиында алғысөз алған облыс әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек мемлекет тарапынан кәсіпкерлерді қолдау бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, ұсыныстар назардан тыс қалмайтынын жеткізді.

– Мемлекет басшысы кәсіпкерлікті дамыту, бизнеске қолайлы жағдай жасау және кәсіпкерлердің мәселелерін жедел шешу міндеттеріне ерекше назар аударып келеді. Осы бағытта билік пен бизнес арасындағы ашық диалогты нығайту маңызды. Әкімдік тарапынан кәсіпкерлерді қолдау бағытында бірқатар жұмыстар атқарылуда. Қаржылау қолдау бағытында кәсіпкерлер үшін 12,6%-бен несиелеуді көздейтін «Өрлеу» бағдарламасы іске қосылды. Биыл бұл бағдарлама арқылы 23 кәсіпкер 1,4 млрд. теңгеге қаржыландырылды. Сондай-ақ, осы жылы «Іскер аймақ» бағдарламасы іске қосылып, өтінімдер қабылдануда. Өндірістік ғимарат салуға ниетті кәсіпкерлерге инфрақұрылыммен қамтылған логистикалық икемді жер телімдерін ұсынуға дайынбыз. Бүгінгі қабылдау аясында барлық қордаланған өзекті мәселелерді қарауға дайынбыз, – деді Қанат Қайыпбек.

Жиын барысында Кентау қаласы мен Сауран ауданынан келген кәсіпкерлер өзекті мәселелерді көтерді. Атап айтқанда, сапалы инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, теміржол логистикасын дамыту, суару жүйелерін жаңғырту, сондай-ақ қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміне енгізу рәсімдерін оңтайландыру мәселелері айтылды.

Түркістан облысы кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің төрағасы Нұралы Әбішов кәсіпкерлердің мәселелерін шешу өңір экономикасының тұрақты дамуы үшін маңызды екенін атап өтті.

Кездесу барысында әрбір мәселе бойынша жауапты мемлекеттік органдар мен мекемелердің өкілдері түсіндірме беріп, көтерілген ұсыныстарды жүзеге асырудың нақты тетіктері қаралды. Барлық ұсыныстар мен мәселелер хаттамаға енгізіліп, олардың орындалуы Өңірлік кеңестің бақылауына алынды.

Мұндай кездесулер кәсіпкерлердің нақты мәселелерін жергілікті жерде талқылап, оларды шешудің тиімді жолдарын айқындауға мүмкіндік береді. Түркістан облысында кәсіпкерлермен кездесулер тұрақты өткізіліп, бизнес қауымдастықтың ұсыныстары мен бастамаларын қолдау жалғасады.

Жеке қабылдаудан кейін Өңірлік кеңес мүшелері облыстың өндірістік әлеуетімен танысу мақсатында бірқатар кәсіпорынды аралады. Атап айтқанда, темір конструкцияларын өндіретін «Айдар Строй Групп» ЖШС және оптикалық кабель шығаратын «Kentau Cable Industries» ЖШС кәсіпорындарының жұмысымен танысып, өндіріс барысын бақылады.

Айта кетейік, Түркістан облысы – еліміздегі кәсіпкерлік субъектілер ең көп шоғырланған өңірлердің бірі. Өңірде 205 мыңнан аса шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді.

Кәсіпкерлердің қаржысын және уақытын үнемдеу мақсатында облыстың барлық аудан және қалаларында шағын өндірістік парктер жобасы қолға алынған. Осы жоба аясында Сауран ауданында 8 ауылдық округте 130 өндірістік ғимарат құрылысы және Кентау қаласы аумағында 10 өндірістік ғимарат құрылысы іске асырылуда.

«БІРЛЕСЕ ЖҰМЫС ІСТЕСЕК, ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫН КӨШБАСШЫ ӨҢІРГЕ АЙНАЛДЫРА АЛАМЫЗ»

Түркістан қаласында Түркістан облыстық қоғамдық кеңесінің он төртінші кеңейтілген отырысы өтті. Жиынды Түркістан облыстық қоғамдық кеңесінің төрағасы Байділдә Жылқышиев жүргізді. Кеңейтілген отырысқа облыс әкімдігі өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері, басқарма басшылары, мәслихат депутаттары және сала мамандары қатысты. Күн тәртібінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, цифрландыру, көлік инфрақұрылымы және қоғамдық маңызы бар өзекті мәселелер қаралды.

Жиын барысында Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров өңірдің даму басымдықтары мен алдағы міндеттерге тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен елімізде ауқымды жұмыстар жүріп жатыр. Соңғы жылдары «Ауыл аманаты», «Ауыл – Ел бесігі» және өзге де жобалар арқылы халықтың көкейіндегі біраз мәселе шешімін тапты деп ойлаймын. Ауыз су, инфрақұрылым, газ, электр, жол мәселелері де шешіліп келеді. Бүгінгі мәжілісте экономикалық дамуға басымдық беріп отырмыз. Себебі барлық мәселе қаржыға, экономикаға барып тіреледі. Біз ең алдымен өзін-өзі толық қамтитын өңірге айналуымыз керек. Ел Президенті шикізат шығарушы ғана емес, терең өңдеу саласы дамыған елге айналу міндетін жүктеді. Осы бағытта жұмыс істеп келеміз. Импортты алмастыру бағытында зерттеулер жүргізіп, нақты жоспарлар жасадық. Өндірістік парктер салынып жатыр. Бұл парктер енді аудан, қала ғана емес, ауылдарға да салынады. Ауыл шаруашылығында да жаңа технологиялар, тың тәсілдер енгізіліп жатыр. Ең бастысы – бізде еңбекқор халқымыз, барлық саланы дамытуға қолайлы жағдай, мүмкіндік бар. Әкімдік, мәслихат, қоғамдық кеңес, кәсіпкерлер, жалпы ел болып бірлесе жұмыс істесек, Түркістан облысын көшбасшы өңірге айналдыра аламыз, – деді Нұралхан Көшеров.

Одан кейін облыс әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары бойынша баяндама жасап, инвестиция тарту, өндірісті дамыту және экономиканы әртараптандыру бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Мемлекет басшысы экономиканы әртараптандыру және инвестиция тарту бойынша нақты міндеттер жүктеген. Осыған сәйкес облыс әкімінің тапсырмасымен өңір экономикасына терең талдау жүргізіліп, әр аудан мен қаланың экономикалық ерекшелігі, шикізаттық әлеуеті, өндірістік мүмкіндігі, импортқа тәуелділігі мен ішкі нарық сұранысы жан-жақты сараланған.

Осы жұмыстар арқылы 2025 жылы облыстың сыртқы тауар айналымы 3,5 млрд. АҚШ долларына жетіп, өсім 34,6 пайызды құраған. Экспорт көлемі соңғы үш жылда 42 пайызға өсіп, 1,8 млрд. АҚШ долларына жеткен.

Шикізатты терең өңдеу және қосымша құны жоғары дайын өнім шығару бағытында нақты шаралар қабылданды. Импорт құрылымын талдау нәтижесінде 154 млн АҚШ долларына дейінгі тауарларды өңір ішінде өндіруге мүмкіндік бары анықталды. Импортты алмастыруға бағытталған жүйелі жұмыстардың нәтижесінде жалпы құны 176 млрд. теңгені құрайтын 31 инвестициялық жоба іске қосылған. Атап айтқанда, Түркістан қаласында «Lihua» компаниясының жіп иіру фабрикасы, «QazLaminat» ламинат зауыты, «Er Qan» бір реттік ыдыс-аяқ өндірісі және «QazEco Pack» скотч шығаратын зауыты жұмысын бастаған. Сонымен қатар Сауран ауданында «Жасыл Суық Қазақстан» тоңазытқыш өндірісі, Шардара ауданында жүгеріні терең өңдейтін «Казкрахмал» зауыты, Түлкібас ауданында RC Cola брендімен түрлі-түсті сусындар шығаратын «Beibars Bottlers» кәсіпорны, ал Кентау қаласында «Turan Shenhua» газ қазандықтары өндірісі іске қосылған.

Бұдан бөлек облыста John Deere және Lovol ауыл шаруашылығы техникалары мен дрондар өндірісі, бояу-әрлеу, тігін, төсек-жайма және джинс маталарын шығаратын фабрикалар, карбамид, биологиялық қоспалар мен витаминдер өндіретін зауыттар, сондай-ақ ірі қара мал сүйегінен май мен пептон компоненттерін өндіретін кәсіпорындар секілді импорт алмастыруға бағытталған жалпы құны 280 млрд. теңгені құрайтын 39 жоба жүзеге асырылып жатыр.

Инвесторларды қолдау мақсатында инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген өндірістік алаңдар қалыптастырылған. Арнайы экономикалық аймақта 881 млрд. теңгеге 98 жоба жүзеге асырылып, 7663 жұмыс орны ашылған. Индустриялық аймақтарда 124 млрд. теңгенің жобалары іске асырылып, 6 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған.

Шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында 29 өндірістік алаң құрылып, жалпы 275 өндірістік ғимараттың құрылысы жүргізіліп жатыр. Бұл бағытта 227 млрд. теңгенің жобалары іске асырылып, 5 879 жұмыс орны құрылуда.

Инвестиция тарту жұмыстарының нәтижесінде 2025 жылы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1,7 трлн. теңгеге жетіп, өсім 121,6 пайызды құрады. Тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 2 млрд. АҚШ долларын құрап, жоспар артығымен орындалды. Өткен жылы 58 жоба іске қосылып, 8 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. Биыл 67 жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Биылғы алғашқы 4 айда облыстың қысқа мерзімді экономикалық өсімі 125 пайызды құрап, республика бойынша бірінші орынға шықты. 2026-2029 жылдарға жалпы құны 2,8 трлн. теңгені құрайтын 122 инвестициялық жоба пулы қалыптастырылған. Бұл жобалар нәтижесінде 18 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Сондай-ақ алдағы 5 жылда жалпы өңірлік өнім көлемін 2,6 есеге арттыру, ал өзіндік кірістерді 2,3 есеге ұлғайту жоспарланған. Атап айтқанда, 2025 жылғы 5,1 трлн. теңгелік көрсеткішті 2030 жылға қарай 13 трлн. теңгеге жеткізу көзделіп отыр. Соның нәтижесінде республикалық бюджетке тәуелділік 40 пайызға дейін төмендемек.

Жиын барысында қоғамдық кеңес мүшелері өңірде атқарылып жатқан жұмыстарға жоғары баға беріп, Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық даму қарқынының артып келе жатқанын атап өтіп, ашықтық пен қоғамдық бақылауды күшейтудің маңыздылығын жеткізді.

«ӨҢІРДЕ КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЕДӘУІР БӨЛІГІН ӘЙЕЛДЕР БАСҚАРАДЫ»

Түркістан қаласында Түркістан облысы әйелдерінің іскерлік конгресі жұмысын бастады. Әйелдер кәсіпкерлігін қолдау, өңірлік экономиканы нығайту, жаңа бизнес бастамаларды ынталандыру, тәжірибе алмасу мәдениетін қалыптастыру және әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруды мақсат тұтқан басқосуды «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының Әйелдер қанаты «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Түркістан облыстық филиалы Іскер әйелдер кеңесімен бірлесіп өткізді.

Конгрес жұмысы барысында форум қатысушыларына «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясындағы өнімдер көрмесі таныстырылды. Көрмеге «Қазақстанның үздік тауары» конкурс-көрмесінің жеңімпаздары шығаратын өнімдер қойылды.

Конгрес жұмысына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Гүлдара Нұрымова, Түркі мемлекеттерінің сауда-өнеркәсіп палаталары одағы жанындағы Түркі мемлекеттерінің кәсіпкер әйелдер кеңесінің жетекшісі Ләззат Рамазанова, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Түркістан облыстық филиалының директоры Асылан Ибадуллаев, «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары, облыстық Әйелдер қанатының жетекшісі Қалыйма Жантөреева қатысып, сөз сөйледі.

Конгрес аясындағы форум жұмысы «Open Turkistan» туристтік ақпараттық орталығы» ЖШС-нің басшысы Асқар Абубакировтың модераторлығымен басталды. Бүгінгі басқосу әйелдердің экономикалық белсенділігін арттыруға, кәсіпкерлік әлеуетін дамытуға, көшбасшылық қасиеттерін шыңдауға және қоғамдағы рөлін нығайтуға бағытталған маңызды алаң екенін Түркістан облысы әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек атап өтті.

- Түркістан облысында кәсіпкерлік субъектілерінің едәуір бөлігін әйелдер басқарады. Олар ауыл шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, қызмет көрсету, білім беру, денсаулық сақтау, туризм және әлеуметтік кәсіпкерлік салаларында табысты еңбек етіп, мыңдаған азаматты жұмыспен қамтып отыр. Әйелдердің кәсіпкерлік саласындағы табыстары – тек экономикалық көрсеткіш қана емес. Бұл – отбасының әл-ауқатын арттыру, ауыл-аймақтардың дамуына үлес қосу, жаңа мүмкіндіктер мен жұмыс орындарын қалыптастыру деген сөз. Әсіресе, ауылдық жерлердегі кәсіпкер әйелдердің белсенділігі өңір экономикасының тұрақты дамуына ерекше серпін беруде, - деп атап өтті облыс әкімінің орынбасары.

Жиында сөз сөйлеген Мәжіліс депутаты Гүлдара Нұрымова Әйелдер қанатының бүгінгі қоғамдағы рөліне тоқталып, бұл құрылымның аз ғана уақыт ішінде ауқымды жұмыстар атқарып үлгергенін атап өтті. Оның айтуынша, «AMANAT» партиясының Әйелдер қанаты бүгінгі таңда көптеген маңызды бастамалардың ұйытқысына айналып отыр.

- Әйелдер қанаты бүгінде 10 негізгі бағыт бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде. Оның ішінде саясат, экономика, кәсіпкерлік, инклюзия, білім беру, денсаулық сақтау, халықаралық байланыс, ғылым, цифрлық даму секілді маңызды салалар бар. Бұл – әйелдердің қоғам өміріндегі белсенділігін арттырумен қатар, олардың әлеуетін толық ашуға бағытталған нақты жұмыстар. Әйелдер тек отбасының ұйытқысы ғана емес, экономиканың, бизнестің, қоғамдық дамудың қозғаушы күшіне айналып отыр. Бүгінде әйелдер кәсіпкерлігінің үлесі артып келеді. Олар жаңа жұмыс орындарын ашып, салық төлеп, ел экономикасының дамуына үлкен үлес қосуда. Қолөнер, өндіріс, қызмет көрсету салаларында табысты еңбек етіп жүрген нәзік жандылар аз емес. Сондықтан әйелдердің дамуына мүмкіндік беру – мемлекеттің де, қоғамның да ортақ міндеті, - деді Гүлдара Нұрымова.

Өз сөзінде «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев Мемлекет басшысының тапсырмасымен әйелдердің қоғамдағы рөлі мен құқықтарын қорғауға қатысты маңызды бастамалар қолға алынғанына тоқталып, партия тарапынан бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанын айтты.

- Мемлекет тарапынан, әйелдердің бизнес бастамаларын қолдау, қаржыландыруға қолжетімділікті арттыру, білім беру және кәсіби даму бағдарламаларын іске асыру бағытында, жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінгі конгресс, осы мақсаттарға қызмет ететін, маңызды диалог алаңы деп білеміз. Мұнда, кәсіпкерлікті дамыту, цифрлық технологияларды енгізу, өңірлік экономиканы әртараптандыру мен экспорттық әлеуетті арттыру және жастар мен әйелдерді жұмыспен қамту, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту секілді, өзекті мәселелер талқыланады. Бұл бағыттағы пікірлер мен ұсыныстар, өңірдің дамуына тың серпін беріп, жаңа жобалардың жүзеге асуына, жол ашады деп сенеміз. Бүгінгі конгресс, жаңа серіктестіктерге, пайдалы байланыстарға, нәтижелі келісімдерге және болашақтағы табысты жобаларға негіз болады деп білеміз, - деді Алтынсары Дүйсенбекұлы.

Конгресс барысында «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары, облыстық Әйелдер қанатының жетекшісі Қалыйма Жантөреева өңірдегі Әйелдер қанатының атқарған жұмыстары туралы арнайы бейнероликті таныстырды. Онда әйелдердің әлеуметтік-экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған жобалар мен бастамалардың нәтижелері көрсетілді.

Облыстық Әйелдер қанатының жетістіктері ретінде «Әйел аманаты» телебағдарламасының іске қосылуы, ғылымдағы әйелдер бағытында атқарылған жұмыстар, «Әйел басқаратын кәсіпорын» жобасының іске асырылуы, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, инклюзияны дамыту бағыттарында атқарылып жатқан жұмыстар баяндалды. «Балаңа уақыт арна» акциясының өткізілуі, тақырыптық қоғамдық қабылдаулардың өтуі, «Денсаулық керуені» жобасының іске асырылуы, ерте жүктіліктің алдын алуға арналған профилактикалық іс-шаралар, «Әйелдерге қолайлы кәсіпорын» жобасын іске асыру нәтижелері таныстырылды. Әйелдер көшбасшылығын қолдауда атқарылып жатқан жұмыстар мен депутаттық корпустың әйелдер белсенділігін қамтудағы бастамалары туралы маңызды ақпараттар айтылды.

Сондай-ақ форум жұмысында Түркі мемлекеттерінің сауда-өнеркәсіп палаталары одағы жанындағы Түркі мемлекеттерінің кәсіпкер әйелдер кеңесінің жетекшісі Ләззат Рамазанованың, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Түркістан облыстық филиалының директоры Асылан Ибадуллаевтың хабарламалары тыңдалды.

TED-х форматындағы платформада «AYKAN» ЖШС-нің құрылтайшысы Алмагүл Айқан «Әйел-көшбасшы: бизнестегі табысқа жету жолы» тақырыбында конференция өткізсе, «Қазақстандағы жасанды интеллектті дамыту қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі төрағасының орынбасары Анар Төлеубаева «Біз AI дәуіріне дайынбыз ба?» деген тақырыпта маңызды идеялармен бөлісті. «Қазақстан Республикасы Экспорттаушылар қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі нысанындағы қауымдастығы төрайымның орынбасары Мадинат Қаңлыбаева экспорттың мүмкіндіктері мен артықшылықтары туралы қызықты сабақ өткізді. Ал белгілі сәулетші-қала құрылысының маманы, «Karimova Design Studio» компаниясының негізін қалаушы, триатлоншы Айгерім Каримова «Өміріңді өзгертетін үш күш: тәртіп, спорт және әрекет» тақырыбында лекция оқыды. Сондай-ақ идеялар талқыланған платформада танымал дизайнер, Arenov Studio компаниясының арт-директоры, брендинг және қабылдау экономикасы бойынша сарапшы Арыстан Аренов «Экономика воображения: как идеи, бренды и культура создают ценность в мире после сырья» тақырыбында дәріс өтсе, әлеуметтік кәсіпкер, «Дара Медиа» компаниясының директоры, «Дара Ұрпақ» Түркістан облысындағы тұңғыш инклюзивті театрының құрылтайшысы Рухабза Халдарбек «Әлеуметтік кәсіпкерліктен тұңғыш инклюзивті театрға дейін» тақырыбында лекция оқып, тәжірибесімен бөлісті.

Сондай-ақ конгресс жиынында әйел көшбасшылығы, өңірлік бизнес, экспорттық мүмкіндіктер, сәулет, креативті индустрия және цифрлық трансформация бағыттары кеңінен талқыланды. Қатысушылар өңірлік экономиканы дамытудағы әйелдердің үлесі мен жаңа мүмкіндіктері жөнінде өз тәжірибелерімен бөлісті. Іскерлік конгресс қорытындысында қатысушылар әйелдердің экономикалық белсенділігін арттыру, инновациялық жобаларды қолдау және кәсіпкерлік экожүйесін дамыту бағытындағы ынтымақтастықты одан әрі күшейтуге ниетті екендіктерін білдірді. Форум қорытындысымен іскерлік беделімен танылған бірқатар кәсіпкер қыз-келіншектер ұйымдастырушылар тарапынан дайындалған марапаттарға ие болды.

adilet-gazeti.kz

ЖАСТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН, ЗАҢҒА ҚҰРМЕТІН АРТТЫРАТЫН АУҚЫМДЫ ЖОБА БАСТАЛДЫ

Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті мен облыстық Жастар ресурстық орталығы бірлесіп ұйымдастырған «TUR WORKOUT – Тәртіпке тартыл» облыстық жастар турнирі Жетісай ауданында өз бастауын алды.

Жобаның ашылуына ҚР Қаржылық мониторинг агенттігінің Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы, экономикалық тергеп-тексеру қызметінің генерал-майоры Ерболат Балғабаев пен аудан әкімі Серік Мамытовтың қатысты.

«Заң мен Тәртіп» идеологиясы аясында жүзеге асырылып, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, тәртіпті, құқықтық мәдениет пен азаматтық жауапкершілікті нығайтуға бағытталған жобаның жоғары деңгейде өтуіне Жетісай ауданының әкімдігі мұрындық болды. Жас буынның бойында жауапкершілік, патриотизм, заңға құрмет пен белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ықпал ететін ауқымды бастамаға ауданның 14 пен 35 жас аралығындағы 200-ге жуық жас қатысып, бекітілген ережеге сәйкес белтемірге тартылып, қоссырықта жаттығу жасады. Жерден қолды бүгіп-жазу арқылы өзара мықтыларды анықтады. Айта кетейік, сайысқа қатысушылардың ең жасы 14 жаста болса, ең қарт қатысушы 76 жаста.

Сондай-ақ жоба аясында спорттық жарыстармен қатар танымал спортшылар, фитнес-жаттықтырушылары мен ұйымдастырушылар тарапынан жиналғандарға ақпараттық-түсіндіру кездесулері, мотивациялық алаңдар, профилактикалық әңгімелер және жастармен ашық диалогтар ұйымдастырылды.

Шара барысында жастарға дропперліктің қауіптілігі, банк карталарын бөтен адамдарға пайдалануға берудің заң алдындағы жауапкершілігі туралы түсіндіріліп, қатысушыларды қаржылық алаяқтықтан сақ болуға және «Заң мен тәртіп» қағидатын ұстануға шақырылды.

Жоба аясында бекітілген кестеге сәйкес облыстың барлық аудан-қалаларында өтетін жарыстың аудандық кезеңдерінің үздіктері шілде айында ҚР жаңа Конституциясының қабылдану күні қарсаңында финалдық кездесулерде жеңімпаздарды анықтайтын болады. Оза шапқандар арнайы дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Айта кетейік, сайысқа қатысуға өтінімдер барлық аудан-қалалардағы «Жастар ресурстық орталықтары» арқылы қабылданады.

КӨШБАСШЫ ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖОБА

Түркістан қаласында жастардың ойы мен пікірін тоғыстырған республикалық «DEBAT» пікірсайыс жобасының финалдық кезеңі өтті. Зияткерлік сайысқа Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев қатысып, жобаның маңыздылығына тоқталды.

– Бұл – жастардың сыни ойлау қабілетін, шешендік өнерін, азаматтық белсенділігін және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған маңызды жоба. Жыл басынан бастау алған бағдарлама аясында жоғары және арнаулы оқу орнынан құралған 20 команда өзара бақ сынап, қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша пікір таластырды. Қатысушылар қоғам, білім, мәдениет, экология, экономика және жастар саясаты бағыттарындағы өзекті тақырыптарды талқылап, өз ұстанымдарын дәлелді түрде қорғап, жоғары интеллектуалдық деңгейлерін көрсете білді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде кітап оқудың маңыздылығына ерекше тоқталып, оқу мәдениетін қалыптастыру арқылы ғана ой-өрісі кең, интеллектуалды ұлт қалыптастыруға болатынын үнемі айтып келеді. Сондықтан бүгінгі пікірсайыс жаңа идеялар мен тың бастамаларға жол аша білді деп есептеймін, – деді Ертай Кенжебекұлы.

«Turkistan» телеарнасы ұйымдастырған бұл пікірсайыс жобасына қаладағы үздік білім ордаларынан 20 топ қатысты. Атап айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Woosong университеті, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, сондай-ақ «Түркістан жоғары көпсалалы медицина және қолөнер колледжінен» келген пікірсайысшылар өзара мықтыны анықтау жолында тартысты додоға түсті.

Пікірсайыс барысында қатысушылар қоғам үшін маңызды, өзекті мәселелерді кеңінен талқылады. Атап айтсақ, Түркістан облысындағы туризмді дамытудың тиімді жолдары, ұлттық құндылықтарды жастар бойына сіңіру, ауыл әкімдерінің заман талабына сай қызметі және жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру тақырыптары болды.

Ақтық сынға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Ruh» тобы мен Түркістан жоғары көпсалалы медицина колледжінің «Nomad» командасы жолдама алды. Биылғы финалдың тақырыбы «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру» болды. Маусым бойы табандылық пен білімнің, шешендік пен ұтымды ойдың үлгісін көрсеткен командалар финалда да өз мықтылықтарын дәлелдеді. Нәтижесінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Рух» командасы республикалық «DEBAT» пікірсайыс жобасының жеңімпазы атанды.

ӨҢІРДЕ «ЖАС МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ» МЕКТЕПТЕРІ ҚҰРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғыртуға бағытталған жаңа заң күшіне енді. Бұл туралы брифинг барысында Түркістан облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаментінің басшысы Ержан Қарымсақов мәлімдеді.

«Жаңа заң Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әзірленіп, 2024–2029 жылдарға арналған мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамасын іске асыруға бағытталған. Құжаттың негізгі мақсаты – мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру, халыққа көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту және мемлекеттік қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету. Енді мемлекеттік органдар азаматтардың өтініштерін қарау барысында халыққа қолайлы әрі тиімді қызмет көрсетуге басымдық береді», – деді спикер.

Айта кетейік, құжат аясында мемлекеттік қызметке даярлау институты енгізілді. Бұл бастама жастарды мектеп қабырғасынан бастап мемлекеттік қызметке бейімдеуге бағытталған. Осы бағытта Түркістан қаласындағы мектеп оқушылары арасында кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізіліп, жоғары оқу орындарымен бірлесіп «Жас мемлекеттік қызметші» мектептері құрылды. Қазіргі таңда аталған мектептердің бірқатар түлегі мемлекеттік қызмет саласында еңбек етуде.

Енді сайланбалы лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметшілердің жеке санаты ретінде қарастырылады. Бұл өзгеріс ауыл әкімдерінің құқықтық мәртебесін нақтылауға бағытталған.

Мемлекеттік қызметке қабылдау жүйесі толықтай цифрлық форматқа көшірілді. Конкурстық рәсімдер енді толығымен «e-Qyzmet» жүйесі арқылы жүргізіледі. Жалпы конкурс нәтижесі 5-7 жұмыс күні ішінде белгілі болады.

Әлеуметтік кепілдіктер де кеңейтілді. Атап айтқанда, қосымша ақылы демалыс беру, жалақыны кезең-кезеңімен көтеру, үстеме жұмыс үшін өтемақы төлеу нормалары енгізілді.

Сонымен қатар, жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі баласы бар ата-аналарға және күтімді қажет ететін отбасы мүшесі бар қызметкерлерге икемді жұмыс кестесі ұсынылады. Қызмет бабымен басқа өңірге ауысқан мемлекеттік қызметшілерге көтерме жәрдемақы, тұрғын үй төлемдері және көшу шығындарын өтеу көзделген.



ЖАСТАР МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТТЕРІН БІЛДІРДІ

4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне орай Түркістан қаласындағы «Керуен сарай» туристік кешенінде «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының «Жастар рухы» Жастар қанатының ұйымдастыруымен ерекше патриоттық акция ұйымдастырылды. Елдік рухты асқақтатқан іс-шараға қала тұрғындары, жастар, қонақтар мен шетелдік туристер қатысып, мемлекеттік рәміздерге деген құрметтерін білдірді.

Акция барысында қатысушылар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының үзінділерін бірге орындап, тәуелсіз елге деген сүйіспеншілігін, туған жерге деген адалдығы мен мақтаныш сезімдерін паш етті. Әнұранның әрбір жолы жиналған жұртшылықтың жүрегінен орын тауып, көпшілікті ортақ құндылықтар төңірегінде біріктіре түсті.

Мерекелік шара аясында қатысушыларға Мемлекеттік Ту бейнесіндегі тәттілер таратылып, көтеріңкі көңіл-күй сыйланды. Акцияның ерекше тұсы оған Ұлыбританиядан келген туристердің де қатысуы болды. Шетелдік қонақтар Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсетіп, мерекелік бастаманы қолдап, ел мәдениеті мен құндылықтарына қызығушылық танытты.

Мемлекеттік рәміздер – Тәуелсіз Қазақстанның тұғыры мен айбыны, ел егемендігінің ең қастерлі белгілері. Көк Туымыз – бейбітшілік пен бірліктің, Елтаңбамыз – береке мен тұтастықтың, ал Әнұранымыз – халқымыздың асқақ рухы мен жарқын болашағының символы.

ЖАСТАР – ТАБИҒАТ ЖАНАШЫРЫ

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бастамасы аясында «AMANAT» партиясы «Таза бейсенбі» акциясын апта сайын, тұрақты негізде өткізіп келеді. Партия өкілдері қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруда.

Осы бағыттағы маңызды іс-шаралардың бірі Төлеби ауданының тау бөктерінде өтті. Аудандық партия филиалының «Жастар рухы» жастар қанаты аудан әкімдігінің «Жастар ресурстық орталығы» мекемесінің қызметкерлерімен бірлесе «Бұлақ көрсең – көзін аш» экологиялық іс-шарасын өткізіп, асқаралы Алатау етегіндегі Біркөлік шатқалында кең ауқымды тазалық жұмыстарын жүргізді.

Экологиялық жауапкершілік аясына біріккен аудан жастары өткізілген іс-шара арқылы қоршаған ортаның тазалығын сақтауды, табиғи су көздерін қорғауды, жастар арасында экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыруды, сондай-ақ қоғам назарын табиғатты аялау мәселесіне аударуды көздеді. Акцияға



қатысушылар бұлақ көздерін қоқыстан тазартып, су арналарының айналасын ретке келтірді. Сонымен қатар аумақты абаттандыру, тұрмыстық қалдықтарды жинау және табиғи аймақтың тазалығын сақтау бағытында кешенді жұмыстар жүргізді.

Атап өтуіміз қажет, «AMANAT» партиясы экологиялық мәдениетті қалыптастыру мен табиғи экожүйені сауықтыру мәселесіне айрықша басымдық беріп келеді. Партияның бастамасымен өңірлерде көгалдандыру, өзен-көлдер мен бұлақ көздерін тазарту, қоғамдық орындарды абаттандыру және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған түрлі акциялар тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Бұл жұмыстар қоғамда экологиялық жауапкершілікті күшейтіп, жастарды табиғат жанашыры болуға тәрбиелеудің маңызды тетігіне айналып отыр.

САНАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ СЕРПІН БЕРЕДІ

«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалы «Жастар рухы» жастар қанатының «AMANAT AQYLMAN» жобасы биыл да жалғасын тапты. Жас буынның білім мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған бірегей жобаның алғашқы іріктеу ойындары партияның Кентау қалалық филиалының қолдауымен өтті. Зияткерлік рухты шыңдайтын білім сайысы жастар арасында интеллектуалды мәдениетті қалыптастыруға, олардың ойлау қабілетін шыңдауға және білімді азаматтар тәрбиелеуге бағытталған маңызды алаңға айналды.

Атап өтуіміз қажет, «AMANAT» партиясы жастар саясатын мемлекеттің стратегиялық дамуымен сабақтастыра отырып, білімді, отаншыл әрі бәсекеге қабілетті буынды қалыптастыруды басты басымдықтардың бірі ретінде қарастырады. Осы ретте дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «AMANAT AQYLMAN» жобасы Түркістан облысында зияткер жастардың жаңа буынын тәрбиелеуге ықпал етіп отырған ауқымды бастамалардың біріне айналды.

Жоба жастардың азаматтық белсенділігін арттырып, олардың қоғамдық өмірге араласуына мүмкіндік беретін маңызды интеллектуалды платформа ретінде ерекшеленеді. Осы ретте партиямыз жас буынға үлкен сенім артып, олардың бастамалары мен әлеуетін жан-жақты қолдауды мақсат тұтады. Кентауда өткен алғашқы іріктеу ойындарына түрлі салада білім алып жүрген және қоғамдық белсенділігі жоғары 10 команда қатысып, логикалық сұрақтар мен танымдық тапсырмалар бойынша бақ сынады. Қатысушылар жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, жылдамдық пен тапқырлықты талап ететін кезеңдерде өзара тартысты ойын өрнегін көрсетті.

Сайыстың қазылар алқасының құрамында «AMANAT» партиясы Кентау қалалық филиалының төрағасы Арман Басаров, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Талғат Садуов, «Жастар рухы» жастар қанаты Түркістан облыстық филиалының төрағасы Еркебұлан Мадияруұлы, қоғам белсенділері мен Кентау қаласының құрметті азаматтары болды. Сайыс қорытындысы бойынша III орынды – Кентау политехникалық колледжінің «Тұран» командасы жеңіп алса, II орынға – Кентау оқушылар үйінің «Ustaz.kz» командасы лайық деп танылды. Ал ойын жеңімпазы – Кентау көпсалалы колледжінің «ККК» командасы жобаның облыстық кезеңіне жолдама алды.

«AMANAT AQYLMAN» жобасының іріктеу ойындары Түркістан облысындағы барлық 17 аудан мен қалада кезең-кезеңімен ұйымдастырылып өткізілетін болады. Әр өңірден үздік шыққан командалар қасиетті Түркістан қаласында өтетін облыстық финалда бас қосып, өзара мықтыны анықтайды.

Іріктеу кезеңіне қатысқан барлық командалар арнайы дипломдармен, Алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Бұл жоба жастардың білімге деген қызығушылығын арттырып, олардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, ел ертеңіне жауапкершілікпен қарайтын саналы ұрпақ тәрбиелеуге серпін береді деген сенімдеміз.

МАҚСАТ - ЖАСТАР АРАСЫНДА АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ДАМЫТУ

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-і мен Түркістан облысы Әділет департаменті қызметкерлері ұйымдастыруымен жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, Қазақстан Республикасы Конституциясының маңызын түсіндіру және мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Конституция және азамат» тақырыбында ашық диалог алаңы өтті.

Іс-шара Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындаумен басталды. Жиын барысында Түркістан облысы Әділет департаментінің іс-қағаздарын жүргізу жөніндегі инспекторы Сапаров Жармұхамет сөз сөйлеп, Конституцияның қоғамдағы орны, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ мемлекеттік рәміздерді заң талаптарына сәйкес пайдалану мәселелері туралы жан-жақты ақпарат берді.

Ашық диалог барысында қатысушылар Конституцияның ел дамуындағы рөлі, заң үстемдігі қағидаттары және азаматтардың құқықтық жауапкершілігі жөнінде пікір алмасты. Сонымен қатар жастар көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, маман тарапынан нақты жауаптар алды.

Іс-шараның басты мақсаты - жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заңға құрметті арттыру және азаматтық белсенділікті дамыту болды.

adilet-gazeti.kz

Қиын кезде ел басқарып, жоқтан бар жасаған

МАЙМАҚ БАСТЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Осы ретте менің ойыма ұстазым, ақын Мырзақұл Тұрғынбаевтың 2010 жылы жарық көрген «Кәрі баба хикаясы» атты кітабы есіме түсе қалғаны. Бұл кітапта Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ауыл адамдарының ауыр өмірі туралы және сол кездегі бастық Маймақ жайлы жан-жақты айтылғанын оқығам. Дегенмен, 15 жыл бұрын оқығандарымның кейбірі ғана есімде сақталыпты. Дереу «Кәрі баба хикаясы» кітабын алып, қайта қарап, оқып шықтым.

Кітаптың бір жерінде автор: «Біздің колхоз бастық Маймақ ақсақал азамат. Білімі жоқ болса да білімдінің талайына татиды. Ескіні де, жаңаны да біледі. Кемпір-шалдың сөзін естіп, олардың кейбір сөзінің мәнісіне түсінбейтінмін. Ауыл бойынша Маймақ ақсақалды кәдірлі кісі деп білетінмін. Таңғы сағат 6-да әр колхозшыны үйіне барып сен огородқа бар, сен суға бар деп бригададан бұрын кеп хабарлаушы еді.

«Анау қырғыз кемпірге көмек көрсеткін, жалғыз баласы ерлікпен қаза тауыпты, бізге келген қара хат осыны баяндайды. Соғыс басылсын, ер азамат елге оралсын деп әзірше, сыр шешпей жасырып тұрмыз. Огородын жинасыңдар, жоңышқасын орып беріңдер, қолғабыс еткін», – деп жазыпты.



Сонымен қатар автордың «ЕРТЕ ЕСЕЙГЕН БАЛАЛАР (немесе соғыс жылғы балғын жастың ой-толғамдары)» повесінде Маймақ ақсақал туралы нақты жазғандары да бар. Екі кітаптың авторы ақын, тілші, ұстаз М.Тұрғынбаев ауыл мен ауданның ғасырлық тарихы туралы жылнама жазып кеткен қарымды қаламгер! Ұлағатты ұстаз әрі талантты ақын Мырзақұл ағайымыз өзінің байсалды болмысымен және ілтипатымен, сөзге шешендігімен, табиғи дарынымен аудан-аймаққа, қала берді бүкіл оңтүстік өңіріне журналист ретінде танылған атпал азамат. Ендеше, Маймақ ақсақалдың қандай адам және басшы болғанын ел-жұртқа жеткізу үшін Мырзақұл ағайдың кітабынан үзінді келтіргенді жөн көрдім.

Айтпақшы, БӨГЕЖІЛ – Мырзақұл Тұрғынбаев, ал ТІЛЕУ – колхоз бастығы Раймов Маймақтың ұлы Тілеубай.

СҮТ СОҢЫНДА

Апақ-сапақта үйдің сыртына біреу келіп анамның атын атап айқайлайды. Бұл ауылдың ақсақалы-председатель Маймақ көрие екенін төсек астында жатып даусынан танып тұрмын. Маймақ ақсақалдың үйге келген мәнісі анамды мектептен шығартып – сауыншылыққа орналастыру еді. Себебі сауыншы болуға ауылда ыңғайлы жан жоқ, оның үстіне ауылдың атқа мінер ер азаматы қару асынып алыс арпалыс майданға аттанғалы көп уақыт болмады ма? Соғыстың зардабы мынау. Ел еңсесін көтеріп кездескен қиыншылықты белінен басып дегендей, ер орнын жоқтатпаған ауылдың – кәрі-жасы еді. Бар ауыртпалық осында қалды. Жаз жайлауда жүрген жастар қолынан келгенін істеп өмірдің міндетті түрде берген үлесін мойнына артып соны орындау жолында. Ал кәрі-құртаң кемпір-шалдар қол қусырып құнтиып отырмай, өзіміздің жейтін нанымыз болған соң деп, бригадир айтпайақ жұмыс басына ертемен шығуға дағдыланған.

Председатель келген жұмысының мән-жайын қысқаша айта келіп сөз салмағын директордың көзінше анама тастаған еді.

«Құрғақ сөз – қоңылтақ етік» – деді директор Егембердиев мақалдай сөйлеп, рас, соғыстың ғаламаты қай жұмысқа кесірін тигізбеді дейсің, түсініп тұрмын пікіріңді. Фермаға барсын апай, оны жүрегінің қалауы білсін. Бірақ мынау Бөгежіл мектептен қашықтап кеткен соң білім ала алмай қалады, оны да ескеру керек, биыл бесінші сыныпты бітіретін жыл.

– Бесінші класс қай мезгілде оқиды? – деді Маймақ ақсақал.

– Түс қайта.

– Ал, олай болса, Бөгежелді де пайдаланамыз, сүт заводқа түске дейін сүт апарып төксе, түстен кейін сабағына қатынассын, адам да жетпей жатыр, көріп тұрсың ғой өзің, сыйла, кәриенің сөзін, – деп доғарды бастық.

«Ел ағадан, тон жағадан» дегендей, еліміз келген жаумен арпалысып кеткенде, ел ішіндегі жұмысқа бас-көз боп басшылық етіп отырған осы Маймақ ақсақал. Ел ұнатқанды аудан ұнатады, аудан ұнатқанды ел ұнатады емес пе. Жақындаса келіп ел ішіне жайласып та кетті.

Қысқасы анам фермаға баруға, ал мен болсам, әрі сүт тасып, әрі оқуға тура келді. Анау Әліштің Өсмаханы ғана үйінде жүр, ал басқа балалар екеуара бірігіп арба тасиды, қырман бастырады немесе ересектеу келгендері лобогрейкада жұмыс істеп жүр. Қысқасы – бір күнді де бос өткізбей анау Несіп, Тонаш, Тәшкүлдердің күні-түні ауылдан алыстағы қырман басында қона жатып жұмыс қарқынын арттыруда (86-87 бетте).

МЕН ЖАҢА ЖОЛДАС ТАПТЫМ

Құрметті оқушыларым, гәп мынада ғой. Өзіміз тырбаңдап еккен егініміз биыл бітік боп шығыпты, несібеміз бар да, деп шал-кемпірдің қуанышы қойнына сыймайды. Алдағы мақсат осыны төкпей шашпай – жинап алу. Осыны ұйымдастыра білетін ел басы керек емес пе, ол да табылды. Жиналыс болады деп бригадиріміз үй-үйге басын сұғып хабарлап шыққан. Ескі кеңсенің алдында тұрмыз. Кеңсе дегеніміз – қазақшалап домлап соққан үй. Осы жерде правления. Ең алдымен сөз Маймақ көриеге берілді. Шал-кемпірлер бүкшиіп томсарысып бұрышқа жиналған.

– Ау, халайық, қолдан еккен алтын дәніміз төгілгелі тұр. Соғыс болса анау, томсарысып отырғанымыз дұрыс па? – деп жиналған жұртқа тесіле қарап еді.

Нұрыш кемпір жылап қоя берді.

– Шырағым-ау, жалғыз баламды қашан көрем, өз қолымен көмсін дә. И-и-шырағым...

Әрине мұның өзі іштегі дерт қой, талып құлаған сыңсу, әр бұрыштан мұрын тарту көбейе түсті. Шұбатылған орамалдың ұшын ұстап көз жасын сүрткен кемпірлер. Жұрт не себептен жылайды, неге көңілі босайды, мұндай гәппен Қыранның ісі жоқ. Қамшысын оңды солды иіріп иттерді азан-қазан шулатқан бойда жиналыс болып жатқан жерге бірақ келіп тоқтады.

– Уа, қойыңдар, – деді Сейдалы қарт кемпірлерге, ақсақалын тұтамдап ұстап. – Ой, Нұрыш сен де көңіл шерін қозғама. Ал не керек, құры тұрыс – мынау бітік егінді желге ұрындырмай жинап алайық, қайсың қандай ақыл қосасыңдар, кәне.

Достай ақсақал алдымен сөз алып, шалғымен бидай оратынын айтты. Ал басқа кемпірлер де өз үлестерін қоспақ болды. «Көппен бірге көрген ұлы той» деген тұжырымға тоқтады.

Ал біз сияқты борбайларға да жұмыс табылды. Бала жанына қыз қосып, екеуара бір мажар арбадан берді. Мұндайда Қыран осы хабарды естісімен безектеп соңына қара төбетін ертіп зытып қашып отырды. Бірақ ол көптен қашып құтыла алмады. Қасына ересектеу келген Несіп деген қызға тағайындады. Бір арбаны қабылдатқызды... Сонымен менің тапқан жолдасым егін орағы кезінде Тілеу деген еді. Қырманда тоқылдақпен астық бастырамыз. Оның ішкі және сыртқы көрінісін осы жерде сипаттап жатудың қажеті жоқ қой деймін (94-95 бетте).

АНАМ ЕРТЕГІ АЙТАДЫ

… Әне, қара, менің сүйікті анам үсті-басын қағынып қыл-қыбырды тазалап үйге енген кезде колхоз бастығы Раймов Маймақ ақсақал қасына Тілеуді ерте келіпті. Амандық саулықтан соң әңгімеге көшті.

– Ал Зияда, – деп бастады сөзін. – Өмір деген өтіп жатыр. Соғыс-қырқыстың зауқы мынау, сырттан тон пішіп болмайды. Өкіметіміздің жасынан бастап өткен саналуан оқиғаларға назар аударсақ былай бопты. Өткен кезді еске алсақ, көретініміз 1904 жылғы орыс – жапон соғысы. 1905 жылғы революция, оның күйреуі және реакция жылдарының басталуы. 1911 жылғы бірінші дүние жүзілік соғыс, буржуазиялық революция. 1917 жылғы Октябрь революциясын айтқанда азамат соғысы бүлікшілікке ұшырап, туралап қалған елді қалпына келтіру, ол онан соң 1941 жылғы соғыстың басталуы, – деп барып тоқталды.

Колхоз бастығы Раймовтың жүзінен өз тағдырынан гөрі халық тағдыры қалыңдап, «осы арпалыс дүниеден ауыр жұмыс жоқ болар – одан басқаны ойлаған жан құрметке жетпей жерге кірсін» деген сияқты. Ол кісінің өмірін қағаз бетіне түсіру үшін жазушылардан тұрақты ма, авторучкаларын жазбас едім, жазғанда да жүрегімнің ақ шелі қағаз, қаным сия, кірпігім қалам болмақ. Егер де қаным қоюланып бара жатса көз жасым менен сұйылтпақпын. Тілегім сол-ақ, жарық дүниеде (116-117 бетте).

ЕКПІН

Өте бір сирек кездесетін жолдастай Тілеу екеуміз қатарласа отырыппыз. Шағын үйдің төр жағында сепаратор бар еді, соның төменгі жағын ала, қолдан тоқылған алаша үстінде Маймақ ақсақал отыр. Әңгімені былай бастады.

– Отыз тістен түзілген сөз отыз рулы елге кетеді деген. Ел ішінде өсең-аяң болады. Жау кеп қапты деген сөзді естисің. Осы халық тұрғанда күндізгіміз күндіз, түнгі жарық жарық. Бірақ уақытша қиыншылық. Осы халыққа қуат-күш беруші де құдірет. Біз өркені өскен халықпыз. «Өсіп тұрған ағаштың тамырын шаппа» деген ел мақалы бар. Кімде-кім ұрыс тілесе «Жартасқа жұдырығыңды түйме» дейміз. Жақсы болу да, жаман болу да қолдағы іс. «Жазда бір күн демалсаң, қыста он күн ашығарсың» деген.

Ақсақалдың айтқан сөзін ләм-мим демей Тілеу екеуміз тыңдап отырмыз. Жүрекке жылылық берген күндей сәуле секілді.

Анау күнгі комсомол жиналысында өмірін айтты да, «енді сендерге балалық жоқ, ауылшаруашылық жұмысына араласасыңдар» демеді ме.

Оған кемпір мен шал да, жас та, әйелдер де бәрі бірдей еді. Соғыстың зардабы бәрін бірдей етіп жіберді. Ол жұмыс үстінде қайғыра да, қуана білетін.

– Қайғы да, қуаныш та ортақ болуы керек, – деді. Сонда бізге көрсетпей қайғырғандар, жылағандар, кейде үміт үзгендер уақытша торығады. Соғыс бітеді, шүкір деп отыратын мезгіл болады. Сонда өткенге тәуба етеді де, «сені де оқытам, өзімде оқимын» деген дәрежеге жетеді. Бұл күнгідей қалаға баратын май арбаға қол көтермейсің (117-118 бетте).

ЕРТЕ ЕСЕЙГЕН БАЛАЛАР

Июль. Қырғызарықтың бойында жайқалған жасыл шөптің үстінде, бірі қисайып бірі жантайып колхозшылар отырды. Біздің қарсы алдымызда ұзын бойлы, сидаң келген колхоз бастық. Оның жанында бригадир. Бастық Маймақ көрие былай деп колхозшыларға сөйлеп тұр.

– Құрметті колхозшылар! Жемшөпті, мал азығын дайындау туралы мына көршілес колхоз «Қызыл жалаумен» социалистік жарыстамыз. Өз ішімізде екі бригадирдің де жарысы бар. Бәйгеге бір қой, 100 кг бидай белгіледік. Бидай орағына дейін шөп науқанын бітіру керек. Жылдан-жылға жаңалық деген шығып жатыр. Бұл жердің қысы қатты болатынын білесіңдер. Сабан деген далада қалушы еді, оны орға жинап, қысқа қор етеміз және шөптен сүрлем жасаймыз.

Отырғандардың арасын күбір басты.

– Кәйтіп?

– Міне, мына жаңа шабылған шөпті. Орға апарып тастайды да, оны жақсылап таптайды.

«Біреу түсінде көріп айтып жүрген болар» дейді Шынайым жеңгей.

– Оны қойыңдар менің шығарып отырған жаңалығым емес.

– Білмесек қайтеміз.

– Білдік, ұзыны 8 метр, тереңдігі 4 метр, ені 3 метр апан – ор қазылды, шөпті қырқып салу керек. Таптап нығыздау керек, ішіне жел – ызғар кірмес үшін сылап қоямыз (147-бетте).

Ел басына күн туған шақ. Қыбырлаған жан, жылжыған көліктің бәрі есепте. Ауылда қалғаны қарттар мен балалар ғана. Оларды да өмір ерте есейтті. Бәрінен де күндіз күлкі, түнде ұйқы қашқан.

Колхоз бастығы Маймақ апама келіп:

– Міне, қолқанат деген осы. Жұмыс күші жетпей жатыр, сен сауыншы бол, Бөгежіл сүт тасысын, – деді. – Қам жеме, қолдан келгенді аянып қалмаспыз, бәрімізге бірдей келген нәубет қой, қол қусырып отырғанда біреу келіп істеп береді деймісің, – деді қатуланып.

Анамды аяп кеттім. Онсыз да бір тыным көрмей жүрген анам бастықтың сөзін тастамай келісім берді.

– Шүкір, шүкір, көкесі, – деді апам, – оқуын кейін-ақ жалғастырар (153 бетте).

МОНША САЛУ ТУРАЛЫ

Доғалақ ата насыбайын алақанына салып, ерніне апарды да жерге түкірді.

– Әк көп араласып кетіпті, ашытуын қара!

– Бүгін қолың бос па, – деді Маймақ.

– Не болды?

– Бос болса Сейітбектің бауынан 20 терек кесіп, алып келейік.

– Үй-жай саласың ба?

– Жоқ – монша!

– Монша!

– Иванның моншасындай бір монша салмасақ болмас, – деді Маймақ, – бала-шаға, кемпір-шалдың бәріне қажет боп тұр. Алдымен тазалық керек. Тазалық – денсаулықтың кепілі. Ауру шығыпты, Биттен, биттен.

– Е, қойшы, Құдай берген көл суы бар. Бізге осы да жетпей ме? – деді Достай шал.

Хат тасушы Жақай келіп қалды. Оның келуі Достай шалдың сөзіне май тамызғандай болды. «Жерден тілегені көктен түсе қалғандай» қуанды.

– Кел, кел, Жақан! – Маймақ жанынан орын босатып.

– Қо-ош! Ата-бабамыз көрмеген неменені салам дейді, – деп қабағын түйген Достай сөзге араласты.

– Ал, ол немене екен? – деді Жақай.

– Бастық ауылға монша салғызбақшы. Соған шалдарды жинап, ағаш кесуге апарады, – деді Достай.

– Салса салсын, оның не зияны бар, – деді Жақай.

Бұл сөзді ауыл шалдары ұста Қожамжар, Сейдалы, Данай және қазақ болып кеткен Иван қостады. Ауыл шалдары монша салуға уағдаласты (169-бетте).

Қырман – біздің постымыз. Осында түней саламыз. Әр үйге кіріп бригадир бас сұқпайды. Атқа мініп сүйретпе тартатындар да осында. Айдың жарығымен де жұмыс істейтін мезгіл. Ақсүйек те ойнаймыз.

– Таң атпай жатып қайда барасыңдар? – деп апам таңқала сұрады.

– Сейітбек байдың бауына, ағаштары кесіліп, түбіртектері қалды емес пе, соны қазамыз, – деді ата.

Дел-сал болып сүйретіліп мен де ілестім. Таңғы түнгі ұйқыны қимағандық қой. Көп ұзамай Қожамжар ұста бастаған шалдар тобы іске кірісіп кетті. Моншаның қабырғасы қалана бастады.

Көмекке мектеп оқушылары да келді. Науқанның қызу кезі болса да іс оңға баса берді. Аз күнде монша қабырғалары қалқайып, төбесі сабанмен жабылып бітті.

– Халықтың игілігіне жарасын, – десті шалдар.

Соңғы күндері Тілеке көмекке келмей жүр. Үйіне іздеп барсам, ауырып қалыпты. Барысымен сұрағаны:

– Монша бітті ме? Өзі өрен бөкжірейіп тұр.

– Тілеке, саған не болды? – дедім. – Аяғың да ауыра ма?

– Екі тақымым қол тигізбейді.

– Не? Жара бар ма?

– Жоқ!

Маған қарап қызарып кетті.

– Ұялмай айтшы, не болды? Айтсам ба екен, айтпасам ба екен? – деп ойланып тұрғанын сездім де балағын жоғары көтердім. Байқасам екі тақымының арасы қотыр. Қолының саусақтарының арасынан да бір нәрсе түртіп шығып тұр.

– Қатты қышиды, – деді әлден соң.

Екеуміз Доғалақ атаға келдік. Қуанып қарсы алды.

– Су тасуға жарайсыңдар? – деді.

«Мейліңіз» дегендей бас изедік. Атай, Тілеке үшеуміз су тасыдық. Ересек балалар тамыр, түбіртек жарды. Отын да, су да мол даярланды (172-бет).

Түс мезгілінде бастықтың ауылынан арба келді. Он бала. Ішінде Атабек, Қойбағар, Қыранбек те бар екен. Олар арбадан әрең түсті. Оларды күні бұрын дайындап қойған сабанның үстіне отырғызды Доғалақ ата.

– Моншаға кіргенше осы жерде отырыңдар, – деді ақ халаты бар көзілдірікті кісі.

Бастық әкелген дәрігер осы болса керек деп шамаладым. Бір кезде Доғалақ ата моншаның ішіне кіріп шықты да.

– Бригадир қайда! Ауыл түгел моншаға келсін деп айтып шықсын. Қотыр бәріне жұғады, – деді де бетіндегі терін сүртті.

Моншаның іші. Тілеке екеуміз сөренің үстіне шықтық. Бізге Қыран қосылды.

– Ой-пай ыстығын-ай!

Екі алақаныммен бетімді бастым. Ана екеуі де әрең шыдап отыр.

– Киімімізді жыртып тастаса қайтеміз? – деді Қыран.

– Оны өртесе жалаңаш қаламыз ғой, – ауыстыратын киім жоқ, – дедім мен.

– Киімдерімізді алып темір пешке салып жіберді, – деді Тілеке.

– Оның битін өлтіретін шығар, – дейді Атабек. – Майда сірке бәрібір кетпейді, – деді Тілеке.

– Сірке бір аптадан соң бит болады деп ағай айтпады ма, – дедім мен де жай тұрмай.

Осы кезде Доғалақ ата ішке кірді де тасқа бір шөміш су шашты. Бу қаптады. Тағы да су себеледі. Қолындағы сыпырғыны маған берді де:

– Қышыған жерлеріңді әбден қызарғанша шабақтаңдар, – деді де түсі бұзылған суы бар шылапшынды қолымызға ұстатты.

– Ата, балаларды қарашы, жаңағы берген суыңыз ыстық болып, етін күйдіріп жүрмесін, – деді көзілдірікті дәрігер.

Шылапшындағы суға қолын салып, араластырып:

– Жоқ, бұдан салқын болса болмайды, – деді де жанында тұрған Тілекенің екі қолтығынан тік көтеріп бөшкеге салды. Мұнда да салқын, түсі бұзылған қан су бар. Бәрімізді де бөшкеге отырғызды. Ертесіне денедегі шыққан қотыр жаралар өзінен-өзі, құрғап түсе бастады.

Монша… Моншаның қасиетін бірінші рет сонда біліппіз. Өмірімізде ұмытпаспыз оны. Қайран біздің аталар-ай сол ауыртпалық кезең-дүрмелек шақта ел қажетін өтеді емес пе? (170-173-бетте).

Қабыл ДҮЙСЕНБИ,
журналист-жазушы

adilet-gazeti.kz

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бірде облыс әкімі қатысқан бір жиында қаланың бір тұрғыны қисық сұрақ қойды. Сұрақтың ұзын-ырғасы «Алматыдан университетке екі жас жігіт келіпті деп естиміз, сол тәжірибесіз немелер оқу жүйесін қарқ қылатындай жаңалық енгізе ала ма?», – дегенге саяды. Сөйтіп, Амантай екеуміз бар ынтамызбен іске кірісіп жатсақ та біразға дейін өстіп жер-көкке сыймадық. Шұғыл өзгерістерді онша көңілі қаламайтын ағайын ара-тұра шабуылдың осындай бір түрін ұйымдастырып қоятын еді. Бірақ бізді сол жиында басқа емес, облыс әкімінің өзі қорғап шықты. «Маған жеткен мәліметтерге сүйенсек, ол екеуі жақсы жұмыс істеп жатыр. Сондықтан кедергі келтірмеген дұрыс», – деді Бердібек Мәшбекұлы. Аныңында, Сапарбаев бізді қайдан білсін, бұл тек қана Бақберген ағамызға деген құрметінің көрінісі еді. Мұны бірден-ақ ұқтық.

Бердібек Сапарбаев билікке келісімен жоқшылықтан жұтаған Қызылорданы арнайы экономикалық аймаққа айналдыруға барынша күш салды. Алматы мен екі ортаны жол қылып жүріп ақыры мақсатына жетті. Сөйтіп, еліміздің төрт мүйісінде – Ақмола, Лисаковск, Қызылорда, Жәйрем-Атасу арнайы экономикалық аймақтары құрылды. Сол арқылы бұл қалалардың да, осы төңіректегі елді мекендердің де еңселерін көтеруіне жол ашылды. Облыс әкімі жаңа арнайы экономикалық аймаққа экономика ғылымдарының докторын басшы етіп қоюды жөн көрген сияқты. Мәскеу инженерлік-экономикалық институтының қала шаруашылығымен айналысатын мамандар дайындайтын бөлімін бітірген Бақберген Досманбетов сол талапқа толық сай келген деседі.



Сапарбаев сабақтары

(Тек, таным, тағылым)

Тегеурінді тұлға

Хош, сөйтіп, жаңа әкімнің қалауымен университеттен қаланың басшылығына ауыстық. Мұның бәрі аймақ басшысы Бердібек Сапарбаевтың келісімен болғаны анық, әрине... Содан мемлекеттік қызметтегі қарбалас күндер басталды. Үй көрмейсің. Шала ұйықтайсың. Зыр жүгіресің. Бердібек ағаны жиындарда көбірек кездестіреміз. Жігерлі. Талапшыл. Әр сөзі тіліп түседі. Енді қырықтан жаңа ғана асқан кезі ғой. Сөйтіп, жүргенде қыс қақап тұрған күндердің бірінде ТЭЦ құлады. Жауап беретін саламыз идеология болса да, бәріміз шұбырып Бекеңнің маңайында жүреміз. Ақыры, Қызылордада ТЭЦ құлаған қыс та өтіп, көктем келді...

Бірақ сол жылу-энергетика орталығының опырылып түсуі қай-қайсымыздың да жүрегімізге де салмақ салды. Бұл туралы өзімізді Сыр бойына қызметке шақырған Бақберген Досманбетов туралы «Қос қолтаңба» атты шағын кітапшамызда жан-жақты жазғанбыз. Сол жазбамыздан үзінді келтіре кетейік:

«Қаладағы жылу беру орталығында аяқ астынан болған апат бәрімізге қиын тиді. Сол күннен бастап облыс әкімі мен қала әкімі осы жерге үй тікті десе де болады. Қабақтары қатыңқы. Оларды жоғары жақтан күн сайын тоқпақтап жатқанын сеземіз. Айқай-ұйқайға толы мазасыз күндер басталды. Құлаған қазандықтың жыры ұзаққа созылды. Сырттан шақырылған мамандардың қатысуымен шұғыл штаб мәжілісі өтеді де жатады. Күн сайын сонда барамыз. Түнімен жүреміз. Өзімізге тікелей қатысты сала болмаса да ортақ іске ниеттес екенімізді аңғартамыз. Өстіп жүргенімізде облыстық әкімшілікте жылу орталығындағы апат мәселесіне байланысты жиын өтеді деген хабар келді. Бұл мәселеге жауапты бірқатар шенеунік жазаланатын көрінеді. Соны естіп, тілеулес жігіттерге іштей аяушылық білдірдік».

Бірақ сол жазаға тартылатындардың бірі өзім екенмін деген ой басыма мүлде келмепті. Идеологияға жауап беретін адамның жылу мәселесіне қандай қатысы бар деп жүрмін ғой. Сөйтсем, маған қарасты мекемелердің жылу беру кезеңіне қаншалықты дайын екендігі тұрғысынан да қарауға болатын көрінеді. Қалалық білім бөлімінің басшысы Мұсахан Басшыбаев жеткізген құжаттарды дамылсыз ақтарып, қарап отырмын. Аталған мекемелердің жылу мерзіміне дайын еместігі байқала қоймайды. Дегенмен, кім біледі... Бір жағынан «Әй, қайдам, Бердібек ағамыз ондайға бара қоймас. Осы уақытқа дейін бауырына тартып келіп еді ғой...» деп іштей үміттеніп қоямыз.

Тағы да «Қос қолтаңбаға» зер салайық: «Ертең жиын болады деген күні қала әкімшілігінің шамы түнімен жанып тұрды. Бәріміз бір кісідей жұмылып, тиісті құжаттарды дайындадық. Кешке жақын қала әкімі аппаратының басшысы Кенжебек Әбдіхалықов мені оңашалап алып шықты. Онсыз да сырбырлап сөйлейтін Кенжекеңнің дауысы бұл жолы тіпті құмығып естілді.

– Өзіңіз ештеңе естіген жоқпыз ба? Мен айтты демеңіз... Сізді ертең қызметіңізден босатқалы жатыр...

– Сіз не айтып тұрсыз өзі? – деп күлдім де, жайбарақат кете беріп едім, Кенжекең тағы да құмыға үн қатып, қолындағы қағаздың әлдебір тұсын саусағымен нұсқап көрсетті.

Не дейді мына кісі? Қағазға үңілсем, ертеңгі жиналыста қабылданатын «Қызылорда қаласының атқарушы органдарының әлеуметтік мәдениет, тұрмыс және тұрғын үй нысандарын 1997-1998 жылғы күзгі және қысқы кезеңге дайындау жөніндегі қызметі туралы» шешімнің жобасы екен. Құжаттың аппарат басшысы көрсеткен жерінде «Қала әкімінің орынбасары С.Наметшаны жолдарды, транспортты және базарларды қысқы жағдайға өз уақтысында дайындауды қамтамасыз етпегені үшін, қала әкімінің орынбасары Б.Омаровты білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау мекемелерін жылу бері мерзіміне өз уақтысында дайындауды қамтамасыз етпегені үшін қызметінен босату мәселесі қарастырылсын» деп жазылған екен. Жанашырлық танытып, алдын-ала ескерткені үшін Кенжекеңе рахмет айттым да, әкімге тарттым».

Бақберген ағаммен сол жолы шешіліп сөйлестім. Ол таңертең Бердібек ағаға мән-жайды түсіндіретін болды. Осы уақытқа дейін ешқайсымызды жауға да, дауға да беріп көрмеген Бақберген ағам сол жолы өте сенімді отырды. Ал біздің сол түнгі ұйқымыз шалалау болғаны рас, әрине...

Сонымен, облыс әкімдігінің мәжіліс залында жиынның басталуын күтіп отырмыз. Міне, Бақберген аға да келді. Түрінен аса абыржу байқалмайды. Бердібек ағамен сөйлескен сияқты. Ілешала маған бір жапырақ қағаз жөнелтті. Ашып қарасам, «Айтып шықтым, формулировкасын көрейін деді» деп жазылыпты. Сонымен қыстың қақаған суығындай ызғарлы жиналыс басталды. Бізді орнымыздан тұрғызды. Алдымен Сержан ағам сөйледі. Күнде қоян-қолтық жұмыс істеп жүргенде оның сөзге мұнша шешен екенін байқамаппын. Мәселені жік-жігімен қойып, өзінің кінәсіз екенін тайға таңба басқандай етіп анық айтып шықты. Осы үлгімен мен де өзімді ақтап алғандай болдым. Бәлкім, өзімізді қорғай білгенімізге ризалық танытты ма, әлде басқалай себеп болды ма, білмеймін, қатал кейіппен жиынды басқарып отырған Бердібек аға сәл езу тартты. Осы жылулық залдың ішіне сәуле түсіргендей әсер етті. Мұны да жақсылыққа жорыдық.

Шынында да солай болды. Әйтеуір қызметімізден босағанымыз жоқ. Бәрібір жазадан құтылмадық. Сол жиыннан бір-бірі сөгіс арқалап шықтық. Бұған да шүкіршілік...».

Бердібек ағамыздың бізді осылай жақсылап бір қайрап әрі ширатып алғаны бар. Кейіннен ардақты ағамен талай рет жақынырақ сұхбаттастық. Бірақ бұл мәселеге оралып соққанымыз жоқ. Оған оралудың қажеті де жоқ еді. Асыл ағаның өзіме деген ықылас-пейілінің дұрыс екеніне баяғыда-ақ көзім жеткен-ді.

Ардақты азамат

Сол жылдарда Қызылордадағы басшылар тікелей сөйлесетін, нөмірі төрт цифрдан тұратын телефон бар еді. Осы төрт таңбалы аппарат шыр еткенде тұтқаны көз ілеспес жылдамдықпен жұлып аласың. Өйткені ешкім бұл телефонмен жайдан-жай хабарласпайды. Бірде мазасыз қондырғы тағы да безілдеп қоя берді. Көтердім. Өктем дауыс. Сәлемдесіп үлгермедім. «Бұл Сапарбаев қой!». Демім шықпай қалды. Іле-шала жүрегім атқақтай жөнелді. Ғасырға бергісіз паузадан соң әлгі кісі тағы да тіл қатты. «Олжабай», – деді сосын ақыры ғана. Уһ! Жүрегім орнына түсті. Олжабай Сапарбаев. Облыстық кәсіптік білім комитетінің төрағасы. Қалжыңы емес, бар болмысы. Бірақ оның осы бір қоңырауы есеңгіретіп жібергенін қалай ұмытайық.

Кейін Бердібек ағамен Астанада жолымыз тағы да түйісті. Жиырма бірінші ғасырдың басында мен әуелі Мәдениет министрлігінің Тілдерді дамыту департаментінің директоры, содан соң Тіл комитетінің төрағасы болып қызмет істедім. Сол Тіл комитеті Бейбітшілік көшесіндегі Сыртқы істер министрлігінің ғимаратында орналасқан-ды. Жылға жуық сымдай тартылған сырбаз дипломаттармен тізе қосып, қатар қызмет істедік. Бір жылдан соң Сыртқы саясат ведомствосы қаланың сол жағалауындағы жаңа ғимаратқа көшіп кетті де оның орнына Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті келіп қоныстанды. Сол Қаржы министрінің орынбасары әрі аталған комитеттің төрағасы Бердібек Сапарбаев еді. Бір ғимаратта екі-ақ комитет. Бірақ ол басқаратын Кеден комитеті министрліктің бар қабатын жайлап жатыр да, мен жетекшілік ететін Тіл комитеті оншақты бөлмеге еркін сыйып кетеді. Яғни, екеуін салыстыруға да келмейді. Бір кездегі менің жалы күдірейген жас әкімім – бұл тұста елуді еңсерген жігіт ағасы. Көбіне-көп ағама сәлем беру үшін өзім іздеп барамын. Ағамыз қамкөңіл... Бір перзентінен қапылыста көз жазып қалып, басына қиындық түскен кезі. Сол қайғыны бір сәт серпілткісі келгендей, кешке дейін өзін-өзі жұмысқа жегеді. Қолы қалт еткенде біраз әңгімелесеміз.

Сыр бойында қатар қызмет істегенімізде және елордадағы жұмыс орнымыз көрші болған жылдарда аяулы ағамыздың тәжірибесін үйрендік. Ақылкеңесін тыңдадық. Мектебінде шыңдалдық. Шаңырағынан дәм таттық. Сондықтан Бердібек ағаның бір кездегі сарбазы әрі биліктегі жастық шағының куәсі ретінде үнемі тілеулес болдық. Баяғыда бір әріптесім бір басылымға «Бердібектен басқасына бәрібір» деген мақала жазды. Шынында да, ол өзіне сеніп тапсырылған міндетке ешқашан селқос қараған емес.

Ол халықтық үлгідегі басшы болды. Барған жеріне береке ұялады. Басқарған өңірінде беделі аспандап тұрды. Істің көзін білді. Жоқтан бар құрай алды. Жұрттың тілін тапты. Небір қиыр-қысықтарды жөнге салып, ортақ шаруаға жекті. Ел басқару өнерін қапысыз игерді. Бұл салада өз мектебін қалыптастырды. Бердібек Сапарбаевтың шекпенінен шыққан шенеуніктер ұстаздың ұлағатты үрдісін абыроймен жалғастырып келеді. Қазақстанның қай аймағы да оны орынды мақтан тұтады. Көзі тірісінде оны бүкіл ұлт ұлықтады, өмірден өткенде барлық жұрт жоқтады.

Ұлы Абайдың «Елден бір асқан ерек-ті», «Туысы жаннан бөлек-ті», «Кірлетпей кетті жүректі...» деген таңғажайып тіркестері кейде Бердібек ағамыз сияқты арда азаматтарға да арналған сияқты көрінеді. Қай кезде де ұлттың сөзін айтты. Жұрттың жоғын іздеді. Жас мемлекеттің шаңырағын тіктеп, керегесін кеңейтуге жанын салып, аянбай атсалысты. Тұлға дәрежесіне көтерілді. Халықтың ұғымында жақсы адам боп қалды. Бас әріппен жазылатын Жақсы адам... Сондықтан тағы да Абай айтқандай, «Тағдырға тәбділ бола ма, Сабырлық қылсақ керек-ті...»

Мемлекетшіл менеджер

Былтыр көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаев туралы жаңа кітап жарық көрді. Осы жинақтың тұсаукесер рәсімі Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының қабырғасында өтті. Мұның символдық мәні бар. Қалай десеңіз де, бұл – үйлесімді үрдіс, жарасымды жаңалық. Себебі, баршаға танымал Бердібек аға мемлекеттік қызметшінің үздік үлгісіндей еді. Ол бүкіл болмыс-бітімімен мәртебелі мемлекеттік менеджер болды.

Жалпы, мемлекеттік қызметші дегенде ойымызға не нәрсе келеді өзі? Алдымен Президентімізге жүгінейік. «Мемлекеттік қызметшілер сөзі мен ісі үйлесетін, тиянақты, тәртіпті әрі арлы адам болуы шарт», – дейді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар, «Ел бірлігін нығайту үшін қызмет ету – жауапты әрі сауапты іс», – деп тұжырымдайды. Сондай-ақ «Мемлекеттік қызмет – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын орын емес», – деп ескертеді. Міне, осы қастерлі қағиданың бәрі де мемлекеттік қызметтің барлық буынынан өткен, кеше ғана арамыздан алыстаған Бердібек Сапарбаевтың тек-табиғатына толық сай келетін еді. Сөзі мен ісі үйлесті. Жауапты әрі сауапты міндет атқарды. Бақ-дәулетке қызыға қоймады.

Жалпы, Бекеңнің бойында нағыз мемлекеттік қызметшіге лайық бірнеше қасиет болды. Енді соны санамалап көрейік.

Біріншіден, оның жеке басы өте өнегелі еді. Бүкіл бастаманы алдымен жүрегінен өткізетін. Іс тетігін табудың жолын өзі көрсететін. Мемлекеттік қызметтегі ұл-қыз соған қарап бой түзейтін. Бердібек Сапарбаевтың тек-тұлғасын өрісті өнегенің өлшемі деуге болар.

Екіншіден, ол жастарды жұмысқа тартты. Өзі жас кезінде де сөйтетін. Небәрі қырық екі жасында Қызылорда облысының әкімі боп тағайындалды. Келді де университеттің ректоры Бақберген Досманбетовті қаланың әкімдігіне бекітті. Оның проректоры боп жүрген біз де ректорымызға ілесіп, мемлекеттік қызметке келдік. Сөйтіп, Бердібек Сапарбаевтың берекелі командасына кірдік. «Жақсылы-жаманды, Жинап алдым команды», – деп бір ақын айтқандай, Бекең Сыр өңірін өркендетуге құлшына кірісті. Жігерлі басшымыздың алапат екпініне ілесе алмай, кейде шарықтап, кейде шалықтап, ал кейде шатқаяқтап, шапқыладық та жүрдік.

Үшіншіден, жұртты жұмысқа жаппай жұмылдыра білді. Ұйымдастыру қабілеті орасан зор еді. Өзіне де, өзгелерге де тыным таптырмады. Қалыпты еңбек ырғағын бір сәтке де бәсеңсіткен жоқ. Сартылдап соғып тұрған сағат секілді ырғағынан жаңылмайтын ол тоқтаусыз тер төкті. Соны көрген елжұрт өзінен-өзі ортақ іске жегілді.

Төртіншіден, ол өңкей бір өміршең идеяларды алға тартты. Оның ұстанымдары бүгінгі күнмен шектелмейді. Алдағы жиырма-отыз жылға азық болатын бастамалардың негізін қалады. «Черчилль өз заманының өнімі болды. Бірақ оның идеялары мен әрекеттері әлі күнге дейін қазіргі дәуірге ықпал етіп келеді», – деп әлемге әйгілі саясаткердің ғұмырнамасын зерттеген, шеберлігі таңдай қақтыратын ширақ черчиллтанушылар айтқандай, Бекеңнің де ой-пікірлері өте өзекті. Мұның бәрін басқару мектебінің әдістемесі ретінде қай кезде де кәдеге жаратуға әбден болады.

Бесіншіден, ылғи да шаруашылық жайы қиындай түскен кезеңде басшы болды. Проблемасы жетіп артылатын өңірлерді өрге шығарды. Етігімен су кешті. «Қу толағай бастанбай, Темір қазық жастанбай», – деп толғаған Махамбетше шамырқанып, тек қана алға жылжыды. Бұл жағынан «Әрқашан да қиын жолды таңдаңдар. Сонда бәсекелестерің жолында тұрмайды», – деген Шарль де Голльдің дәстүрін ұстанды. Ол, әрине қиын жолды таңдайын деп таңдаған жоқ. Маңдайына солай жазылыпты. Бәсекелес қайдан болсын? Шынында да мұндай жанкешті жұмысқа Бекеңнен басқа кім тәуекел етпек?!

Алтыншыдан, жалпақ жұртпен сыйласудан жаңылмады. Тентекпен де, телімен де талай рет бетпе-бет келді. Бірақ үнемі келісім жолын қалады. Даудан да, жаудан да аулағырақ жүрді. «Бір күн майдандасқанша он жыл келіссөз жүргізген жақсы», – деген даңқты дипломат Андрей Громыконың түйінді тұжырымына ден қойды.

Жетіншіден, көпке жақын болды. Жұрттың көңілін тапты. Ешқашан елдің ортасынан ұзамады. Бұл тұрғыдан алғанда, қала академиктерінің де, дала академиктерінің де пайдалы пікіріне құлақ асты. Мәселен, «Өнімді еңбек атқарам десең, көпке сүйен. Соның тілін тауып, соған қызмет қыла біл», – деген даңғайыр дихан Ыбырай Жақаевтың салмақты сөзін қаперге алды.

Сөйтіп, бес өңірді басқарған Бердібек Сапарбаев мәртебелі мемлекеттік қызметшінің эталоны болды. Енді оның ғибратты ғұмырнамасын бүгінгі мемлекеттік қызметшілерге үлгі етуіміз керек.

Бердібек ағаның Кеңсайдағы бейітінің басында:

Адал болды антына,
Берік болды салтына.
Алғыс алып жұртынан,
Тұлға болды халқына!

Еңбегімен еленді,
Жер-бесікке бөленді.
Ұлтын сүйген перзентін,
Ұмытпайды ел енді! –

деген жазу бар. Мұны эпитафия дейді. Дұрыс айтылған! Ол шынында да тұлға болды.

Бүкіл өмірі жұмыспен өтті. Бір ауық тыныс алуды білген жоқ. Бес өңірде ізі қалды. Бәрібір жалған дүние бес-ақ күндік екен. Жанкешті жұмыспен жетілген Бердібек ағам да бақиға аттанды. «Арғымаққа айдай таға қақтырған» азамат еді. Тәрбиесін көрдік. Тағылымын алдық. Тәжірибесін түйсіндік. Бақ қонған бәйтерек-ті. Биік еді. Бөлек еді. Саялы еді. Аялы еді... Біздің Әубәкір Смайыловтың «Қайран Мұқаң, қара өлеңнің шынары, Шынар ғана шынарларша сынады», – деген жыр жолдары бар-ды. Ширақ жүрген Бердібек ағам да шынарларша шарт сынды. «Шамырқансам, шатынап сынар болатпын» деген Махамбет ақын...

Неге шамырқандыңыз екен, Бердібек аға?!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

• БІЛІМ КӨКЖИЕГІ

БІЛІМ МЕН БІРЛІКТІҢ АЛТЫН КӨПІРІ

Білімнің шекарасы жоқ. Ол халықтарды жақындастырады, жүректерді табыстырады, ұрпақтар сабақтастығын жалғайды. Ал ұстаздардың кездесуі – тәжірибе мен тағылымның, ізденіс пен ілгерілеудің алтын көпірі.



Кей сапарлар адамның өмір жолындағы ерекше белес болып қалады. Ол сапардың ұзақтығымен емес, жүрекке қалдырған ізімен, көңіл көкжиегін кеңейткен тағылымымен бағаланады. Биыл біз сондай әсерлі де мәнді сапардың куәсі болдық. Бауырына білім мен парасатты қатар сыйғызған бауырлас Қырғыз елінің астанасы – Бішкек қаласында өткен ««Сатылай кешенді оқыту» технологиясының халықаралық қатынастардағы рөлі» атты халықаралық Саммитке қатысу бақыты бұйырды. Бұл жай ғана Саммит емес еді. Бұл – білімнің мерекесі, ұстаздық шеберліктің көрмесі, шығармашылық пен кәсібиліктің тоғысқан алаңы болды. Алатаудың асқақ шыңдарына сүйенген көркем шаһар бірнеше күн бойы ұстаздар мен шәкірттердің білім мен білік сыналатын үлкен ордасына айналды. Қазақ халқы ежелден «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деп бекер айтпаған. Өйткені елдің ертеңі мектептен басталып, мектептің тағдыры ұстаздың қолында қалыптасады. Сондықтан да білім беру саласындағы әрбір жаңа ізденіс, әрбір кәсіби жетістік – тұтас қоғамның табысы.

Бішкек төрінде өткен халықаралық олимпиада осы ұлы миссияны арқалаған жандардың басын қосты. Олимпиадаға бастауыш сынып және қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінен құралған 14 команда қатысты. Әр команда өз өңірінің намысын қорғап қана қоймай, ұлттық білім жүйесінің жетістіктерін танытуға күш салды. Қазіргі білім кеңістігі күн сайын жаңарып келеді. Бүгінгі ұстаздан тек білім беруші ғана емес, зерттеуші, жаңашыл, шығармашыл тұлға болу талап етіледі. Осы тұрғыдан алғанда «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының орны ерекше.

Бұл технология – білімді жүйелі меңгертудің, оқушының ойлау қабілетін дамытудың, тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді құралы. Әрбір білім элементін белгілі бір жүйемен саралай отырып, оқушының логикалық ойлауын жетілдіретін бұл әдіс бүгінде өзінің өміршеңдігін дәлелдеп келеді. Олимпиада барысында қатысушылар аталған технологияны қолданудың үздік үлгілерін көрсетті.

Әр тапсырмада терең білім, кәсіби шеберлік, әдістемелік сауаттылық пен шығармашылық көзқарас айқын көрініс тапты. Қатысушылардың жауаптарынан ғылымға деген құрмет пен мамандыққа деген адалдық сезіліп тұрды. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің тіл табиғатын талдаудағы шеберлігі, көркем шығармаларды саралаудағы терең пайымы көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Ал бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытудағы тың тәсілдері мен баланың танымдық қабілетін дамытуға бағытталған тәжірибелері үлкен ықыласқа ие болды.

Білім бәйгесінің әр сәті жауапкершілік пен толғанысқа толы болды. Дегенмен жарыстың басты ерекшелігі – бәсекеден бұрын бірлік пен ынтымақтастықтың басым болуы еді. Мұнда әріптестер бір-бірін қарсылас ретінде емес, ортақ мақсат жолындағы серіктес ретінде қабылдады.

Ұстаздардың өзара тәжірибе алмасуы, пікір бөлісуі, жаңа идеялармен танысуы олимпиаданың ең маңызды нәтижелерінің біріне айналды. Себебі кәсіби даму – үздіксіз ізденістен басталады. Жарыс қорытындысы да көңіл қуантты. Қатысқан 14 команданың үшеуі I орынға ие болып, үздіктер қатарынан көрінді. Қалған командалар II орынды иеленіп, жоғары деңгейдегі дайындықтарын дәлелдеді. Бұл көрсеткіштер олимпиадаға қатысқан ұстаздардың кәсіби әлеуетінің жоғары екенін аңғартты. Ең бастысы – әрбір қатысушы өз еңбегінің жемісін көріп, жаңа белестерге ұмтылуға жігер алды. Шын мәнінде, бұл олимпиадада жеңілген жан болған жоқ. Себебі, жеңіс тек диплом мен марапатта емес. Жеңіс – жаңа білімде, жаңа тәжірибеде, жаңа серпінде.

Олимпиаданың ең жарқын көріністерінің бірі – оқушылардың білімге деген ерекше құштарлығы болды. Бүгінгі ақпарат тасқынына толы заманда жас ұрпақтың ана тілінің тереңіне бойлап, ұлттық руханиятқа бет бұруы көңіл қуантты. Білім додасы барысында оқушылар қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өздерінің жан-жақты дайындықтарын көрсетіп, теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұштастыра білді.

Әсіресе, тіл білімінің күрделі ережелерін жүйелі меңгеруі, оларды нақты мысалдар арқылы дәлелдей алуы қатысушылардың ізденімпаздығын аңғартты. Әрбір жауаптан білімге деген жауапкершілік пен талпыныс байқалып тұрды. Бұл – шәкірт бойындағы еңбекқорлық пен табандылықтың жемісі. Олимпиада барысында оқушылардың ақындардың шығармаларын жатқа айтудағы шеберлігі де көпшіліктің ықыласын аударды. Қазақ поэзиясының жауһар жырларын мәнерлеп оқу арқылы олар сөз өнерінің құдіретін сезіндіре білді. Жас талапкерлердің жүрек түкпірінен шыққан әрбір өлең жолы ұлттық әдебиетке деген құрметтің белгісіндей әсер қалдырды. Сонымен қатар қатысушылар ақындардың шығармаларын талдау барысында көркем туындының идеялық мазмұнын, тәрбиелік мәнін, көркемдік ерекшеліктерін терең пайымдай алатындықтарын көрсетті.

Әдеби мәтінді зерделеудегі талғам мен таным, ой тереңдігі мен тіл байлығы олардың рухани дүниесінің кемелдігін аңғартты. Бұл олимпиада ұлттық құндылықтарды ұлықтаудың жарқын алаңына айналды. Ана тілін ардақтау, ұлттық әдебиетті қастерлеу, халықтың рухани мұрасын дәріптеу сияқты асыл ұғымдар жарыстың өн бойында көрініс тапты. Өскелең ұрпақтың бойынан елдік сана мен ұлттық рухтың айқын байқалуы – ұстаздар еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз.



Ұлттық құндылықтарға негізделген білім ғана ұлттың болашағын баянды етеді. Сондықтан жас ұрпақтың Абай, Өтебай, Мұқағали, Қадыр, Мұзафар сынды ұлы тұлғалардың шығармаларын жаттап, олардың ой әлеміне үңілуі – рухани сабақтастықтың жарқын көрінісі. Осындай білім додалары арқылы оқушылар туған тілдің қадірін терең түсініп, ұлттық болмыс пен мәдени мұраның мәнін жүрекпен сезінеді.

Бішкек сапары бізге тағы бір ақиқатты ұғындырды. Ол – қазақ пен қырғыз халқының рухани жақындығы. Тарихтың талай белесінде тағдыры тоғысқан қос халықтың достығы ғасырлар бойы жалғасып келеді. Тілі мен ділі жақын, салт-дәстүрі сабақтас елдердің мәдени байланысы бүгінде білім саласында да жаңа деңгейге көтеріліп отыр. Қырғыз елінің қонақжайлығы мен бауырмалдығы әр қатысушының жүрегінен орын алды. Ұйымдастырушылардың жоғары деңгейдегі дайындығы, қатысушыларға көрсетілген құрмет пен ықылас халықаралық ынтымақтастықтың жарқын үлгісін көрсетті. Алатаудың асқар шыңдарына қарап тұрып, білімнің де биік шыңдарға ұмтылатынын сезінесің. Тау қаншалықты асқақ болса, ұстаздың миссиясы да соншалықты биік. Өйткені, ұстаз – болашақтың сәулетшісі. Ол шәкірт жүрегіне білімнің шырағын жағып, ертеңгі күннің тұғырын қалайды. Сондықтан ұстаздың әрбір жетістігі – елдің жетістігі, ұлттың мерейі.

Бүгінгі әлемде мемлекеттердің қуаты табиғи байлығымен емес, адами капиталымен өлшенеді. Ал адами капиталдың негізін сапалы білім құрайды. Демек, мұндай халықаралық білім додалары елдердің интеллектуалдық әлеуетін арттыруға қызмет етеді.

Бішкек қаласында өткен халықаралық олимпиада осы тұрғыдан алғанда үлкен маңызға ие болды. Ол ұстаздардың кәсіби көкжиегін кеңейтіп қана қоймай, білім беру ісіндегі жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Сапар соңында әр қатысушы туған елге диплом немесе сертификат қана емес, жаңа тәжірибе, жаңа достық, жаңа шабыт ала қайтты. Бұл – кез келген марапаттан қымбат олжа. Адам жадында кейде белгілі бір орын емес, сол жерде алған әсер сақталады.

Біздің жүрегімізде Бішкек қаласы дәл сондай жылы естелік ретінде қалды. Ол біз үшін халықаралық олимпиада өткен қала ғана емес, білім мен достықтың, тәжірибе мен тағылымның мекеніне айналды. Ала-Тоодан ескен білім самалы көңіл көгімізді сергітіп, жаңа белестерге жетеледі. Сол самалмен бірге келген шабыт пен сенім ұстаздық жолдағы жаңа ізденістерге қанат бітірді. Себебі, білім жолы – тоқтаусыз қозғалыс жолы. Ал сол жолда әрбір кездесудің, әрбір сапардың, әрбір тәжірибенің өзіндік орны бар.

Бішкек төріндегі білім мерекесі бізге тағы бір мәрте дәлелдеді: ұстаз ізденген жерде даму бар, даму бар жерде болашақ бар. Ал болашаққа бастар жол әрдайым білімнен басталады. Осылайша, Бішкек төрінде өткен халықаралық олимпиада біз үшін кезекті жарыс емес, рухани байлыққа толы үлкен мектеп болды. Ұстаздар кәсіби тәжірибесін шыңдап, оқушылар білімге құштарлығын дәлелдеді.

Ана тілінің қадірін терең ұғынған жас буын тілдік ережелерді меңгерудегі зеректігімен, ақындар мұрасын жатқа айтып, көркем шығармаларды талдаудағы терең танымымен ерекшеленді. Ең бастысы, бұл сапар жас ұрпақтың бойындағы ұлттық құндылықтарға деген құрметті арттырып, туған тіл мен әдебиетке деген сүйіспеншілікті нығайтты.

Алатаудың асқақ шыңдарындай биік мақсаттарға жетелеген бұл тағылымды кездесу жадымызда ұзақ сақталары анық. Себебі, бұл – жеңіс пен жетістіктің ғана емес, ұлттық рух пен білімнің, достық пен тәжірибенің тоғысқан тұғыры болды. Сондықтан Бішкек сапарын біз мақтанышпен әрі үлкен ықыласпен «Ұлттық құндылық пен білім тоғысқан тағылымды сапар» деп бағалаймыз.

Замзагуль КАПБАСОВА,
“Астана Дарыны” дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының
Білім беру жобалары және серіктестік бағдарламалар бөлімінің басшысы

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет қалыптастыру – басты стратегиялық мақсаттардың бірі. Бұл бағытта тек заңдарды қабылдау жеткіліксіз, ең маңыздысы – сол заңдардың іс жүзінде толық әрі сапалы орындалуы. Осы тұрғыдан алғанда, сот орындаушылық жүйесі құқықтық жүйенің ажырамас әрі шешуші буыны ретінде ерекше маңызға ие. Өйткені сот шешімінің қағаз жүзінде қабылдануы жеткіліксіз, оның нақты орындалуы ғана азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына кепіл болады.

Сот орындаушылық жүйесі – сот актілерін және өзге де уәкілетті органдардың шешімдерін мәжбүрлеп орындатуға бағытталған мемлекеттік маңызы бар қызмет. Қазақстанда бұл сала «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңмен реттеледі. Аталған құқықтық акт сот орындаушыларының өкілеттіктерін, міндеттерін және жауапкершілігін айқындай отырып, олардың қызметінің ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар заңнамада атқарушылық іс жүргізудің қағидаттары – заңдылық, әділдік, тараптардың құқықтарының теңдігі және ашықтық нақты бекітілген.

Сот орындаушыларының негізгі міндеттеріне сот шешімдерін уақытылы орындау, борышкерлердің мүлкін анықтау және өндіріп алу, заң талаптарын сақтау, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізудің ашықтығын қамтамасыз ету жатады. Бұл міндеттер қоғамдағы құқықтық тәртіпті нығайтуға және азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыруға тікелей әсер етеді. Сонымен бірге, сот орындаушылары тек орындаушы орган ғана емес, олар белгілі бір дәрежеде медиаторлық, түсіндірушілік және құқықтық кеңес берушілік функцияларды да атқарады.



Сот орындаушылық жүйесінің қажеттілігі қазіргі қоғамда ерекше байқалады. Құқықтық даулардың болуы – табиғи құбылыс, алайда олардың әділ шешіліп қана қоймай, нақты орындалуы маңызды. Егер сот шешімі орындалмаса, онда құқық үстемдігі қағидаты әлсірейді. Әсіресе алимент өндіру, жалақы қарыздары немесе банктік міндеттемелерді орындау сияқты мәселелер әлеуметтік тұрақтылыққа тікелей ықпал етеді. Мысалы, алименттің уақытылы төленбеуі балалардың әлеуметтік жағдайына әсер етсе, жалақы берешегі азаматтардың өмір сүру деңгейін төмендетуі мүмкін.

Соңғы жылдары Қазақстанда бұл салада елеулі реформалар жүргізілді. Соның бірі – жеке сот орындаушылары институтының енгізілуі. Бұл жаңашылдық мемлекеттік және жеке сектор арасында тиімді бәсекелестік қалыптастырып, қызмет сапасын арттырды. Жеке сот орындаушыларының енгізілуі істерді қарау мерзімін қысқартуға және өндіріп алу тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар цифрландыру үдерісі де маңызды рөл атқаруда. Электронды жүйелер арқылы борышкерлердің мүлкін анықтау, банктік шоттарына шектеу қою, жылжымайтын мүлікке тыйым салу және істерді бақылау жеңілдеді. Бұл ашықтықты күшейтіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етті.

Түркістан облысында сот орындаушылық қызметтің өзіндік ерекшеліктері бар. Өңір халқының тығыз орналасуы және экономикалық белсенділіктің артуы атқарушылық істер санының көп болуына әкеледі. Әсіресе алимент өндіру, несие қарыздарын қайтару және әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алу бағытындағы істер басым. Сонымен қатар ауылдық жерлерде құқықтық сауаттылық деңгейінің әркелкі болуы сот орындаушыларына қосымша түсіндіру жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Осыған байланысты олар тек мәжбүрлеу шараларымен шектелмей, алдын алу және ақпараттық жұмыстарды да қатар жүргізеді.

Сот орындаушылық жүйесінің қоғамдағы рөлі өте ауқымды. Ол құқық үстемдігін қамтамасыз етеді, азаматтардың құқықтарын қорғайды, экономикалық тұрақтылықты қолдайды және әлеуметтік әділеттілікті сақтауға ықпал етеді. Дегенмен, бұл салада бірқатар мәселелер де бар. Мысалы, борышкерлердің табысын жасыруы, бейресми жұмыспен қамтылу, көлеңкелі экономиканың болуы, халықтың құқықтық сауаттылығының төмендігі және сот орындаушыларына түсетін жүктеменің көптігі жүйенің тиімділігін төмендетуі мүмкін. Кей жағдайларда өндіріп алу рәсімдерінің ұзаққа созылуы да азаматтардың наразылығын тудырады.

Осы проблемаларды шешу үшін цифрлық технологияларды жетілдіру, мемлекеттік органдар арасындағы ақпарат алмасуды күшейту, халыққа құқықтық білім беру және сот орындаушыларының кәсіби біліктілігін арттыру қажет. Сонымен қатар сот орындаушыларының әлеуметтік мәртебесін көтеру, олардың еңбекақы жүйесін жетілдіру және кәсіби этика стандарттарын нығайту да маңызды. Алдағы уақытта жасанды интеллект элементтерін енгізу, деректерді автоматты талдау жүйелерін қолдану, халықаралық тәжірибені бейімдеу және қызмет сапасын арттыру негізгі даму бағыттарының бірі болмақ.

САРЫАҒАШ АУДАНЫНДАҒЫ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Сарыағаш ауданы Түркістан облысындағы маңызды әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде сот орындаушылық қызметтің белсенді жүргізілетін аймақтарының бірі болып табылады. Бұл ауданда сот орындаушылары азаматтық, әкімшілік және әлеуметтік сипаттағы істерді орындауда маңызды рөл атқарады. Әсіресе алимент өндіру, коммуналдық төлемдер бойынша қарыздарды өтеу және кәсіпкерлік дауларды шешу бағытында жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде.

Сарыағаш ауданындағы сот орындаушылары халықпен тығыз байланыс орната отырып, түсіндіру жұмыстарын күшейтіп келеді. Олар борышкерлермен жеке кездесулер өткізіп, қарызды ерікті түрде өтеудің маңыздылығын түсіндіреді. Сонымен қатар медиация тәсілдерін қолдану арқылы дауларды сотқа жеткізбей шешуге ықпал етуде. Бұл өз кезегінде сот жүктемесін азайтып, тараптар арасындағы қарым-қатынасты сақтауға мүмкіндік береді.

Ауданда цифрлық технологияларды қолдану деңгейі де артып келеді. Атқарушылық істерді электронды форматта жүргізу, азаматтарға онлайн кеңес беру және мемлекеттік базалармен интеграция сот орындаушылар жұмысының тиімділігін арттыруда. Сонымен қатар мобильді қосымшалар арқылы борышкерлерге хабарлама жіберу, төлемдерді онлайн бақылау сияқты жаңа тәсілдер енгізілуде. Бұл өз кезегінде уақытты үнемдеуге және процестің ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Сарыағаш ауданындағы сот орындаушыларының қызметі – құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің, азаматтардың құқықтарын қорғаудың және әлеуметтік әділеттілікті сақтаудың маңызды құралы. Олардың тиімді жұмысы жалпы өңірдің құқықтық мәдениетінің дамуына, инвестициялық тартымдылықтың артуына және қоғамдағы тұрақтылықтың нығаюына ықпал етеді. Болашақта бұл салада жүргізілетін реформалар мен жаңашылдықтар сот орындаушылық жүйесінің тиімділігін одан әрі арттырып, құқық үстемдігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратыны сөзсіз.

Нұрдәулет Маратұлы МАМАДИЯРОВ,
Түркістан облысы жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының жеке сот орындаушысы

ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

Умер **Бабаханов Токтанияз Ганишович**, дата смерти: 19 мая 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Дуйсенов Марат Бейсенович**, дата смерти: 03 января 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Чернышев Дмитрий Александрович**, дата смерти: 15 мая 2026 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

ОТКРЫЛОСЬ НАСЛЕДСТВО

Умер **Орынбаев Кендебай Сапаралиевич**, дата смерти: 23 ноября 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Гарнаев Марат Исхакович**, дата смерти: 10 июня 2022 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умерла **Малкина Вера Андреевна**, дата смерти: 10 июля 2008 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Умер **Малкин Андрей Константинович**, дата смерти: 10 декабря 2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Алимовой Акмарал Равшановне, по адресу: г.Шымкент, ул. Ташенова, дом 12А, кв. №1, телефон: 8-/7252/-53-56-10, 8-701-742-99-10.

МҰРАГЕРЛІК ІС АШЫЛДЫ

2026 жылдың 23 ақпанында қайтыс болған **Байжанова Бахбикеш Пазеновнадан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

2025 жылдың 07 қарашасында қайтыс болған **Абдикасова Салтанат Абдирашитовнадан** қалған мүлкіне Шымкент қаласы, Тәшенов көшесі, 12а үй, №1 пәтер мекен-жайы бойынша орналасқан нотариус Акмарал Равшановна Алимовада мұрагерлік іс ашылғанына байланысты барлық мұрагерлерге осы мекен-жай бойынша хабарласуды сұранамыз. Тел. 8-7252-53-56-10, 8-701-742-99-10.

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ
(Алматы)
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН
(Астана)
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70, +7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 1163.

• ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨМІР

ЕЛТАҢБА АВТОРЫ және «OITEK» АРХИТЕКТУРАСЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Мемлекеттік рәміздер мен Конституция: құқықтық мемлекет пен ұлттық рухтың сабақтастығы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға мемлекеттік органдардың өкілдері, ғалымдар, сарапшылар, қоғам қайраткерлері мен жастар қатысты. Жиынның негізгі мақсаты – мемлекеттік рәміздердің қоғамдағы рөлін талқылау, оларды насихаттау мәселелерін қарастыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.



Дөңгелек үстелді ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Айзада Құрманова жүргізді. Модератор күні кеше Елтаңба авторы, қоғам қайраткері, белгілі сәулетші, профессор Жандарбек Мәлібековтың үйіне арнайы барып, Рәміздер күні мерекесімен құттықтағанын және бүгін атақты сәулетші атындағы «Oitek» архитектуралық ғылыми-тәжірибе орталығында дөңгелек үстел басында бас қосып отырғанын жеткізді. Іс-шара барысында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, академик Ерлан Сыдықов құттықтау сөз сөйлеп, мемлекеттік рәміздердің тәуелсіз Қазақстанның тұғыры мен ұлттық бірегейлігінің маңызды белгісі екенін атап өтті.

Жиында Геральдикалық зерттеулер орталығы директорының міндетін атқарушы Әділхайыр Мырзаханов, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зада Дүкенбаева, Жастар ғылыми-зерттеу орталығының директоры, PhD доктор Гүлісхан Нахбаева, Қазақстандық қоғамдық даму институтының бас сарапшысы Айым Тлепберген мемлекеттік рәміздердің құқықтық мемлекет қалыптастырудағы, ұлттық бірегейлікті сақтаудағы және патриоттық тәрбиені нығайтудағы маңызын талқылап, өзара пікір алмасты.

Сонымен қатар Елтаңба авторы, қоғам қайраткері, белгілі сәулетші, профессор Жандарбек Мәлібековтың Елтаңбасынан бөлек, «Oitek» архитектурасы сөз болды. Біз төменде Елтаңба авторы және «Oitek» архитектурасы жайлы аз-кем сөз қозғайтын боламыз.

Тәуелсіздікпен түлеген тұлға

Қашанда сөз бастау қиын, десе де біз білетін Елтаңба авторы, қоғам қайраткері, белгілі сәулетші, профессор Жандарбек Мәлібеков қашан және қай жерде болмасын әңгімесін 35 жылдық тарихы бар Ел Тәуелсіздігінен бастағанды жөн көреді. Себебі, оның өмірі мен өнері және өзі қызмет ететін ЕҰУ-да осы Тәуелсіздікпен байланысты.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Елтаңбанұсқасын жасауға байқау жарияланғаны белгілі. Ол өзге елде, Өзбекстан жерінде жүрсе де, елдегі жағдайға көңілі еленděп, бей-жай қарай алмады. Негізгі мақсаты – байқауда жеңу емес, Елтаңба арқылы халқымыздың тарихын, салт-дәстүрін, жалпы, қазақи болмысын көрсету еді. Аллаға мың да бір шүкір, байқауға ұсынылған 293 жобаның ішінен Жандарбек Мәлібековтың жобасы қабылданды. Мемлекет басшысына рахмет, содан кейін абыз да, аңыз адам, марқұм Әбіш Кекілбаевтың Елтаңбаны еліміздің басты нышаны етіп қабылдарда сіңірген еңбегі ұшан-теңіз, ол ұмытылмақ емес. Өйткені, депутаттардың ішінде ұлттық нақыштарға тиіскендер көп болды, ақыры 306 депутатың 237-сі жақтап дауыс берді. Оның өзі Әбіш Кекілбаевтың депутаттарға: «Сендер қандай адамсыңдар, ұлттық нақышқа, тұлпарға, шаңыраққа тіл тигізетін» деп сөйлегенінен кейін ғана көтерілді. Жандарбек ағаның сол кездегі қуанышы әсте ұмытылмақ емес.

2001 жылы Астана қаласына көшіп келді. Бұл – әлемде теңдесі жоқ, жаңа дәуірдің жаңа қаласы. Шетелдік қонақтар бұл қаланың адамға жаңа қуат беретінін айтады. Шынында да бұл қала – татулықты, достықты білдіретін қала болып қалыптасты.

Жандарбек Мәлібековтың қолынан шыққан жобалар Өзбекстанның барлық қаласында бар. Еліміздің бас қаласы Астана қаласында да жетерлік, түлеп, түрленген Түркістанда да тұр. 2017 жылы өткен халықаралық ЕХРО көрмесіне де ұлттық нақыштағы жобалары енгізілген.

Архитектордың өзі «астаналық» деген атты арқалау – үлкен жауапкершілік, деп санайды. Ойлау деңгейің, жұмыс істеу қабілетің өзгеше болады. Себебі, кешегі Астана, бүгінгі – қазақ халқының мыңдаған жылдар бойы армандаған қаласы. Осы қаланың шырайын кіргізіп тұрған Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, өйткені мұнда білім берумен қатар, еліміздің болашағына қатысты көптеген игі іс-шаралар жиі өтіп тұрады.

Әрине, университет ашып, оны барлық қажетті оқу-әдістемелік, материалдық базамен, оқытушылар құрамымен қамтамасыз ете салу оңай шаруа емес. Айтуға оңай болғанымен, табандылық пен орасан қажыр-қайратты жұмылдыратын қыруар жұмыстары бар. Соның бәрін еңсеріп, қалыптасу кезеңінен өткен университет 30 жыл ішінде ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге жетіп отыр.

Әсіресе, соңғы он бес жылда қарқынды дамып келеді. Атын Қазақстан көлемінде ғана емес, әлемдік білім кеңістігінде де абыроймен танытуда. Соның бір айғағы – Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ осы уақыт аралағында ҚР Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын иеленді, әлемнің алдыңғы қатарлы 50 жоғары оқу орны рейтингіне кірді, жыл сайынғы жетістіктері жетіп артылады. Биыл 30 жыл толған университеттің марапаттар тізімі мен сапа мойындауларын одан әрі жалғастыра беруге болады. Соңғылардың ішінде Халықаралық деңгейге ұмтылып, әлемнің ең беделді оқу орындарымен тығыз байланыстар орнатып, қазақ мемлекетін, қазақтың жауһарларын таныстыру бағытында да еңбектеніп жатыр. Мысалы, АҚШ, Англия, Венгрия, Қытай, Ресей университеттерімен байланыс орнатылды. Жүз жылға жуық тарихы бар Армения университетінде, Әзербайжан университетінде Абай орталықтары ашылып, Венгрияның орталық саябағына Абай мүсіні қойылды. Мүсін авторы ЕҰУ-дың сәулет-құрылыс факультетінің оқытушысы екені екі есе мақтаныш. Көптеген халықаралық конференциялар өтіп жатады. Мұның сыртында халықаралық конференцияларға, мейлі ол шетелде немесе өзімізде өтсін, баяндамасы қабылданған ғалымдар мен оқытушылардың қатысуына кең жол ашылған.

Сондай-ақ елімізге келген шет мемлекеттердің басшылары, халықаралық дәрежеде танылған ғалымдардың Еуразия университетіне арнайы соғып, студенттер алдында дәріс оқуы да жақсы дәстүрге айналды. Мысалы, Нобель сыйлығының лауреаттары да келіп дәріс оқығаны көпке аян. Ал университеттің өз ішінде нарықтық қағидалар енгізіліп, кафедра, факультеттерді, оқытушыларды ынталандыру мақсатында да үздік болуға ұмтылдыратын шаралар мен сыйлықтары бар.

Еуразия ұлттық университетінің Білім беру ісіндегі беталысы жақсы. Ғылыми-зерттеу орталықтары ашылып, жастарымыз ғылымға қарай бет бұрып жатыр.

Жандарбек Мәлібековтың Елтаңбасын айтпағанда, соңғы жаңа жобаларының бірі қазақ архитектурасын дамытуға бағытталған – «Oitek» архитектурасы. Бұл жоба ЕҰУ –дағы өз шәкірттерінің қатысуымен жүзеге асырылуда.

«Oitek» дегеніміз не? «Oitek» - ойдың тектілігі деген сөзден шыққан, ақыл, парасат, сана – бұл стильдің түйін сөздері. Ұлттық стиль негізінен қоғамдағы өзекті мәселелерді қамтиды: жастар арасындағы ажырасу санын азайту, жетімдер мен қарттар үйін болдырмау.

Жүйенің негізгі тұжырымдамасы – үш ұрпаққа арналған тұрғын үйдің жобасын құру, тұрғын үйдің фунционалдық аймақтануын қазақи бағытта жасау. Бұл жобада өзі ғана емес, сәулет-құрылыс факультетін бітірген түлектер: Меркебаева Гүлниса, Амангельдина Данель, Әділбекова Гүлім, Мырзахан Әйгерім, Дәулетова Ақерке және «Дизаин» кафедрасының оқытушысы, жас ғалым Гүлназ Андабаева секілді шәкірттері бар.

«Oitek» архитектурасы өз бастауын киіз үй құрылымдарынан алады. «Oitek» архитектурасындағы ғимараттар, кешенді жұмыстар, идеология, салт-дәстүр, қоғамдық, әлеуметтік мәдениет, тарихи мәні бар рухани құндылықтар ұлттық сана тұрғысынан қарастырылады. «Oitek» архитектурасының ұстанатын маңызды бағыттары архитектурада жаңа бағыт болғандықтан үлкен еңбекті қажет етеді. Алайда, ата-баба рухын бойына сіңірген жас ұрпақ, болашақ жастар үшін қолынан келгеннің бәрін жасайтын болады.

Жастарға айтар ағалық ақ тілегі де жоқ емес, әркім өзінің армандаған мақсатына жету үшін өзі армандаған мамандығына түсуі керек. Сосын дамыту керек, ғылыммен айналысу қажет. Ғылыммен айналысқанда, шексіз ғылыммен айналысқан жөн.

Ғалымның айтуынша, қазір сырттан келіп жатқан көптеген мәдениет пен ақпараттық құралдар бар. Егер жастарымыз соған қарамастан өзінің тегінің қандай екенін біліп, ұлы даналарымыздың даналығын қабылдайтын болса және тарихымызды, салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді үйренетін болса, оған қоса біздің Еуразия ұлттық университетінен білім алып шығатын болса, ол азаматтар шын мәнінде өзінің елін сүйген, өзінің халқын сүйген болашағы керемет азаматтар болып шығады.

Ұлттық стильдің жаңа тынысы

Гүлназ АНДАБАЕВА,
шәкірті, жас ғалым:

– ЕҰУ-ға түсуді мектепте жүргенде ойлап, болашақ мамандығымды сәулет өнерімен байланыстырғым келетін. Бірақ адамның дегені бола берген бе, мен дизайн мамандығына түсіп, басқа жоғары оқу орнын тәмамдадым. Университет бітірген соң атақты дизайнер Аида Кауменованың «Сән үйінде» мамандығым бойынша дизайнер болып жұмыс істедім. Жолым болды. Армандар орындалады деген рас екен. 2018 жылы Еуразия ұлттық университеті Сәулет-құрылыс факультетінің «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасына жұмысқа тұрғандағы қуанышымды айтып жеткізе алмаймын.

Уақыт – жүйрік, сегіз жыл да зуылдап өте шықты. ЕҰУ-да көптеген тәжірибе жинадым. Кафедрамызда өте білікті мамандар жұмыс істейді. Тек қана сапалы білім беріп қана қоймай, әрдайым даму үшін бізді қолдап, әр түрлі конкурстарға қатысуға ұсыныстар жасайды. Жыл сайын танымал халықаралық конкурстарға білікті мамандардың жетекшілігімен қатысып келеміз және жаңа жобалар жасауда әрдайым қолдау табамыз.

Сол жобалардың бірі Қазақстан Республикасының Елтаңба авторы Жандарбек Мәлібекұлының бастауымен қолға алынған «Oitek» жобасы. Мен бұл жобаға дейін Елтаңба авторының «Қазақстан елтаңбасы» атты 364 беттік кітабының дизайнын жасаған болатынмын.

Ұлттық стильді зерттей келе, бұл стильде жұмыс жасау бізге бір жаңалық болды: бір жағынан қызықтырса, екінші жағынан қобалжытады. Өйткені, «Жұмысымызды жұрт қалай қабылдар екен?», «Ел не дейді?», «Адамдардың реакциясы қандай болады?» деген сан-сауалдар маза бермейді. Қанша адам болса, сонша пікір бар: біреулері қолдаса, бірі бізді тыңдамайтын шығар, ал кейбіреулері, тіпті түсінбеуі де мүмкін. Бірақ осының бәріне қарамастан, біз әуел бастан-ақ қандай қадам жасайтынымызды білдік, алға қойған мақсатымыздан тайынбадық және соңына дейін жұмыс жасаймыз деген ойдамыз.

Егеменді еліміздің ертеңі – жастардың жан-жақты дамыған, тәлім-тәрбиелік іс-әрекет білім тереңдігімен өлшенеді. Білімді ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Халқымыздың ғасырлар бойы өмір сынынан өтіп келген ұрпақ тәрбиесі, жинақталған тағлымы, тәлім-тәрбиелік үлгілері және мәдениет пен өнерді бағалау, мәдени мінез-құлықтарының қалыптасуы рухани құндылықтар арқылы берілетіні дәлелденді. Бұл мәселенің дұрыс жолға қойылмауы нәтижесінде жастардың тәрбиелік мәні төмен жат елдік туындыларға еліктеушілік, рухани кедейшілікке әкеліп соғады. Біз ұсынып отырған жобамыз арқылы қазақ архитектурасын бөлек, заманауи стиль ретінде көрсетуге болатынын дәлелдедік деп ойлаймын.

Бұл жобаның мақсаты – тек қазақ архитектурасын таныстыру емес, сонымен бірге қазақ жастарының патриоттық сезімін ояту, салт-дәстүрлерімізді, тарихымызды, тілімізді, дінімізді архитектурамен қатар киетін киіміміз арқылы да насихаттап, философиялық білім ретінде болашақ ұрпаққа мұра ретінде қалдыру. Жас қазақ архитектурасының авангардисттері ретінде, осы стильді басқа да жобалар аясында қолданып, дамытуды мақсат етеміз. Ең бірінші қазақ халқына, кейін халықаралық архитекторлар және дизайнерлер қауымдастығына ұлттық ерекшеліктерімізбен қатар, оның бай әрі терең тәрбиелік мәнін дәлелдеп шығу біздің арманымыз әрі мақсатымыз. Қазір киім тігетін өз ательем бар, киімді ұлттық стильде тігеміз, бұл «Oitek» жобасының екінші бағыты.Әдетте шапан тіксе де, камзол тіксе де қошқар мүйізді салсақ болды деп ойлайды. Негізінде олай емес, одан басқа да көптеген ұлттық белгі-бедерлеріміз жетеді. Мәселен, біз қазір ертедегі балбалтастағы таңбаларды қою арқылы киім шығарып жатырмыз, бұл көнеден келе жатқан тарихымызды ұмытпау мақсатында жасалып отырған шаруа. Өйткені, «Oitek» дегеніміз біздің даналығымызды білдіретін, тектілігімізді білдіретін сөз. Сондықтан ұлттық киімдерді тіккенде осы таңбаларды пайдаланған жөн дер едім және әр өрнектің тарихынан бөлек өз орны болады: аяқ киімде, сөмкеде, шапанда, көйлекте, міне, осыны қатты ескерген жөн.

Біздің Еуразия ұлттық университетіміз жалпы Қазақстандағы ең беделді, ең белгілі де жетекші университет. Бұл жерде шын мәнінде абыз, дана, данышпан, ғұлама ғалымдарымыз еңбек етеді. Осы жерден тәрбие алып кеткен азамат ешуақытта өзінің өміріне қор болмайды деп есептеймін. Сондықтан келіңіздер, Еуразия университеті, жалпы дүниежүзі университеттіндегі терезесі тең, қатар тұратын білім дәрежесі мол, үлкен жоғары оқу орны. Сондықтан өзім осы университетте қызмет істейтінімді әркез мақтаныш тұтамын.

Арайлым ТҰРСЫНБЕК,
ЕҰУ-дың 3-курс студенті

ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ ҚАРҚЫН

Абай облысында құрылыс нысандарының жай-күйі талқыланды

(Соңы. Басы 1-бетте).

«Өңірдің дамуы тұрғын үй құрылыстарымен ғана емес, әлеуметтік нысандардың сапалы әрі уақытылы салынуымен де өлшенеді. Сондықтан біз үшін ең бастысы – нақты нәтиже. Әрбір нысан құрылыс талаптарына сай, сапалы орындалып, белгіленген мерзімде пайдалануға берілуі тиіс. Құрылыс барысындағы бақылау, жобалық құжаттаманың талапқа сай жүргізілуі және анықталған кемшіліктерді дер кезінде жою мәселелері ерекше назарда болады», – деді Берік Уәли.

Кеңес қорытындысында облыс әкімі аудан және қала әкімдеріне, салалық басқармалар мен тапсырыс беруші мекемелерге құрылыс нысандарындағы жұмыстарға бақылауды күшейтуді тапсырды. Жобалық-сметалық құжаттамалардың сақталуын, құрылыс материалдарының сапасын, техникалық және авторлық қадағалау жұмыстарының тиімді жүргізілуін қамтамасыз етуді міндеттеді.

Абай облысы әкімінің
баспасөз қызметі



БҮЛДІРШІНДЕРГЕ - ҚУАНЫШ

Астаналық цирк «PLANETA KIDS» мерекелік бағдарламасын ұсынады

30 мамыр мен 10 маусым аралығында Астаналық циркте Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «PLANETA KIDS» мерекелік цирк бағдарламасы өтеді.



Жоба үздік цирк жанрларын, заманауи сахналық технологияларды және жарқын қойылымдық шешімдерді біріктіріп, балалар мен ересектерге арналған нағыз мерекелік атмосфера сыйлайды.

Бағдарламаға мынадай өнер шеберлері қатыспақ: әуе гимнасттары Егор және Анастасия Коваленко; Азилбек Болатов жетекшілік ететін секіртпемен өнер көрсететін акробаттар; Тунгалг Осельбаева жетекшілік ететін үйретілген иттер мен пониler нөмірі; Тимур Ахназымның орындауындағы сабын көпіршіктері шоуы; жас клоундар; балет әртістері; голографиялық және лазерлік шоу.

Көрермендерді әсерлі цирк нөмірлері, заманауи жарық безендіруі, мерекелік атмосфера және бүкіл отбасыға арналған жарқын әсерлер күтеді.

«PLANETA KIDS» мерекелік бағдарламасы отбасылық мәдени демалысты дамытуға және балалар мен жастар арасында цирк өнерін насихаттауға бағытталған.

Астаналық цирк, Қабанбай батыр 5 даңғылы, 30 мамырдан — 10 маусымға дейін.

Билеттер Freedom Ticketon платформасында қолжетімді. Байланыс қызметі: +77759717770

Нұрдәулет Алекул,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
Университетінің студенті